Жүргізілген ортодонтиялық ем барысында модификацияланған алынбайтын Нугах аппаратын қолдану қатты таңдайдың қалдық ақауы бар балаларда оң клиникалық динамика көрсетті. Пациенттердің басым бөлігінде тағам қалдықтарының мұрын қуысына түсу жиілігінің төмендеуі, тыныс алудың жеңілдеуі және аппаратқа қанағаттанарлық бейімделу байқалды. Жүргізілген ортодонтиялық ем барысында модификацияланған алынбайтын Нугах аппаратын қолдану қатты таңдайдың қалдық ақауы бар балаларда клиникалық тұрғыдан оң динамика көрсеткені байқалды. Бақылау кезеңінде науқастарда тыныс алу және тағам қабылдау функцияларының жақсаруы, сондай-ақ тағам қалдықтарының мұрын қуысына түсу жиілігінің төмендеуі анықталды. Аппараттың қалдық дефект аймағына бейімделген пластмассалық бөлігі

ауыз және мұрын қуыстары арасындағы функционалдық окшаулауды уақытша жақсартып, пациенттердің күнделікті тұрмыстық қолайсыздықтарын азайтуға мүмкіндік берді.

Клиникалық бақылау мәліметтері бойынша, пациенттердің басым бөлігінде аппаратқа бейімделу қанағаттанарлық деңгейде өтті. Бірінші клиникалық жағдайда аппаратты орнатқаннан кейін науқастың ата-анасы баланың құрылғыға тез бейімделгенін, тамақтану кезінде айқын қолайсыздықтардың болмағанын, тыныс алудың жақсарғанын және мұрын қуысындағы қабыну көріністерінің азайғанын атап өтті. Бұл модификацияланған аппараттың тек ортодонтиялық емес, сонымен қатар функционалдық оңалтушы әсерге де ие екенін көрсетеді.

Екінші клиникалық жағдайда да аппаратты қолдану аясында оң клиникалық өзгерістер байқалғанымен, емнің алғашқы апталарында аппаратқа үйрену кезеңінде тамақтану және гигиеналық күтім жасау кезінде белгілі бір қиындықтар тіркелді. Соған қарамастан, динамикалық бақылау барысында бұл қиындықтар бейімделу кезеңінің ерекшелігі ретінде бағаланды. Аталған жағдай модификацияланған аппараттарды қолдану кезінде науқас пен ата-ананы алдын ала ақпараттандырудың және аппарат гигиенасы бойынша нақты нұсқаулық берудің маңызын көрсетеді.

Үшінші клиникалық жағдайда ауыз ішілік модификацияланған Нурах аппараты мен ауыз сыртылық Диляр маскасын біріктіріп қолдану нәтижесінде жоғарғы жақтың сагиттальды бағытта алға жылжуы, тістер аралығында кеңістіктің пайда болуы және тіс-жақ жүйесіндегі морфологиялық өзгерістердің оң динамикасы байқалды. Сонымен қатар науқастың туыстары бет әлпеті пропорциясының, тыныс алу және тамақтану функцияларының жақсарғанын хабарлады. Бұл деректер ортодонтиялық емнің жоғарғы жақтың кеңістіктік қатынасын түзетудегі және функционалдық жағдайды жақсартудағы маңызын көрсетеді. Осылайша, модификацияланған алынбайтын Нурах аппаратын қолдану ураностафилопластикадан кейін қатты таңдайда қалдық ақауы сақталған балаларды хирургиялық кезеңге дейінгі дайындауда тиімді тәсіл ретінде қарастырылуы мүмкін. Ұсынылған аппарат жоғарғы жақтың морфофункционалдық жағдайын жақсартуға, тыныс алу мен тағам қабылдау функцияларын оңтайландыруға және реконструктивті хирургиялық араласуға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу бақылау тобын қамтымағандықтан, алынған нәтижелер сипаттамалық клиникалық бақылау ретінде бағаланады, дегенмен олар ұсынылған әдістің практикалық құндылығын көрсетеді. Алайда алынған нәтижелерді интерпретациялау кезінде зерттеу дизайнының шектеулерін ескеру қажет. Бақылау тобының болмауы, іріктеу көлемінің шектеулілігі және функционалдық көрсеткіштердің объективті құралдармен өлшенбеуі зерттеу нәтижелерінің дәлелділік деңгейін төмендетеді. Сондықтан ұсынылған әдістің тиімділігін толық дәлелдеу үшін болашақта бақылау тобымен, ұзақ мерзімді динамикалық бақылаумен және объективті функционалдық көрсеткіштерді қолданумен жүргізілетін зерттеулер қажет.

Талқылау. Туа пайда болған ерін мен таңдай жырығы диагнозы қойылған хирургиялық отадан кейінгі қалдық ақаулары бар балаларды кешенді оңалту

заманауи ортодонтияның өзекті мәселесіне жатады. Бет-жақ аймағы жырықтарының анатомиялық индивидуалды ерекшеліктері мен отадан кейінгі күтіміне байланысты көп науқастарда уранопластикадан кейін жоғарғы жақтың деформациялары, тіс қатарларының тарылуы, тістемнің ақаулары сақталып қалады. Бұл мәселелер уақытылы ортодонтиялық араласуларды қажет етеді. Осыған орай аса қызығушылықты бір уақытта жоғарғы жақты кеңейту мен науқастың анатомиялық ерекшеліктерін ескеретін аппараттарды қолдану ерекше назарға ие.

Ұсынылған зерттеуде ТЕТЖ диагнозы бар балаларды емдеуде Хайрекс аппаратының модификациясы әзірленіп, тәжірибеге енгізілді. Аппараттың құрылымдық ерекшеліктері жоғарғы жақтың индивидуалды сипаттамаларын ескеріп, ақау аймағына барынша аз зиян келтіре отырып бақыланатын тіс қатарының кеңеюін қамтамасыз етті.

Клиникалық зерттеу нәтижелері ұсынылып отырған конструкцияның артықшылығын көрсетті. Зерттеуге қатысқан науқастардың көпшілігінде жоғарғы жақтың трансверзальды жеткіліксіздігін жойып, тістем арақатынасын жақсартта түсті. Сонымен қатар БЖА науқастың жасына сәйкес пропорционалды дұрыс дамуын реттеді. Емдеу кезеңінде аппаратты қолдану барысында маңызды асқынулар тіркелмеді. Алынған зерттеу нәтижелері модификацияланған Хайрекс аппаратын қолданудың мақсаттылығын дәлелдейді. Ортодонтиялық емдеудегі дәстүрлі емге қарағанда ұсынылып отырған аппаратты қолдану, ТЕТЖ диагнозы бар науқастарда аса қажет ететін даралық емді қамтамасыз етеді.

Зерттеудің шектеулері

Зерттеудің негізгі шектеулері ретінде бақылау тобының болмауын, пациенттер санының шектеулі болуын және зерттеудің бір клиникалық орталықта жүргізілгенін атап өту қажет. Сонымен қатар тыныс алу және тағам қабылдау функциялары негізінен клиникалық бақылау және ата-аналардың субъективті мәліметтері

негізінде бағаланды. Объективті функционалдық әдістер, мысалы, риноманометрия, сөйлеу функциясын акустикалық талдау немесе өмір сапасын бағалайтын валидтелген сауалнамалар қолданылған жоқ. Осыған байланысты алынған нәтижелер алдын ала клиникалық бақылау ретінде қарастырылып, кең көлемді қорытынды жасау үшін жеткіліксіз болуы мүмкін.

Практикалық маңызы

Модификацияланған алынбайтын Нурах аппаратын қолдану қатты таңдайдың қалдық ақауы бар балаларды хирургиялық емге дейінгі ортодонтиялық дайындаудың қосымша әдісі ретінде қарастырылуы мүмкін. Аппарат жоғарғы жақ доғасының пішінін түзетуге ғана емес, сонымен бірге қалдық ақау аймағында функционалдық қолайсыздықтарды азайтуға бағытталған. Бұл тәсіл пациенттердің тамақтану, тыныс алу және күнделікті әлеуметтік бейімделу сапасын жақсартуға ықпал етуі мүмкін.

Қорытынды.

Алғашқы ураностафилопластикадан кейін қатты таңдай аймағында сақталған қалдық ақауы бар туа пайда болған ерін мен таңдай жырықтары бар балаларды кешенді оңалтуда ортодонтиялық ем маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері модификацияланған алынбайтын **Нурах** аппаратын қолдану жоғарғы жақтың морфофункционалдық жағдайын жақсартуға, тыныс алу мен тағам қабылдау қызметтерін оңтайландыруға және тағам қалдықтарының мұрын қуысына түсуін азайтуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Аппараттың қалдық ақау аймағына бейімделген пластмассалық бөлігі функционалдық қолайсыздықтарды

төмендетіп, пациенттердің күнделікті өмір сапасының жақсаруына ықпал етті.

Ұсынылған модификацияланған аппаратты операцияға дейінгі ортодонтиялық дайындық кезеңінде қолдану реконструктивті хирургиялық араласуға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл тәсіл жоғарғы жақ доғасының пішінін түзетуге, тіс-жақ жүйесіндегі бұзылыстарды азайтуға және кешенді емнің жалпы тиімділігін арттыруға бағытталған.

Осылайша, қатты таңдайдың қалдық ақауы бар балаларды емдеуде модификацияланған алынбайтын Нурах аппараты клиникалық тұрғыдан тиімді және практикалық маңызы бар әдіс ретінде қарастырылуы мүмкін. Алайда зерттеуде бақылау тобының болмауы және бақылау көлемінің шектеулілігі алынған нәтижелерді кең көлемде интерпретациялауда сақтықты талап етеді. Болашақта осы бағытта бақылау топтарымен, ұзақ мерзімді нәтижелерді бағалаумен және клиникалық көрсеткіштерді салыстырмалы талдаумен жүргізілетін зерттеулер қажет.

Этикалық аспектілер

Зерттеу этикалық қағидаттарға сәйкес жүргізілді. Пациенттердің ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне зерттеудің мақсаты, қолданылатын ортодонтиялық емдеу әдісі, фотоматериалдарды пайдалану мүмкіндігі және зерттеуге қатысудың ерікті сипаты түсіндірілді. Клиникалық материалдарды және фотодеректерді жариялау үшін жазбаша ақпараттандырылған келісім алынды. Пациенттердің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін деректер жарияланбады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Врожденная расщелина губы и неба: где и как лечить в Казахстане [Internet]. 365info.kz. 2022 Mar [cited 2026 Jun 29]. Available from: <https://365info.kz/2022/03/vrozhdennaya-rassshhelina-guby-i-neba-gde-i-kak-lechit-v-kazahstane>
- 2 Азимов МИ, Амануллаев РА. Метрический метод оценки результатов первичной хейлопластики при врожденной односторонней расщелине верхней губы и неба. Новое в стоматологии. 2001;(9):76-77.
- 3 Супиев ТК, Мамедов АдА, Негаметзянов НГ. Врожденная расщелина верхней губы и неба. Алматы: [издательство неизвестно]; 2013. 496 с.
- 4 Gunasekaran. Surgical and orthodontic management of cleft lip and palate: a comprehensive review. 2025;(32 Suppl):[pages unknown].
- 5 Vyas T, Gupta P, Kumar S, Gupta R, Gupta T, Singh HP. Cleft of lip and palate: a review. J Family Med Prim Care. 2020;9(6):2621-2625.
- 6 AbdEl-Ghafour M, Aboulhassan MA, El-Beialy AR, Fayed MMS, Eid FHK, El-Gendi M, et al. Is taping alone an efficient presurgical infant orthopedic approach in infants with unilateral cleft lip and palate? A randomized controlled trial. Cleft Palate Craniofac J. 2020;57:1382-1391.
- 7 Azzaldeen A, Watted N, Muhamad AH. Cleft lip and palate: protocol for orthodontics treatment. Glob J Med Sci. 2021 Jul:[volume unknown]:[pages unknown].
- 8 Abhinav BA, Batra P, Sood SC, Sharma K, Srivastava A, Raghavan S. Comparative study of presurgical infant orthopedics by modified Grayson method and Dynacleft with nasal elevators in patients with unilateral cleft lip and palate: a clinical prospective study. Cleft Palate Craniofac J. 2021;58:189-201.
- 9 Shetye P. Orthodontic management of patients with cleft lip and palate. APOS Trends Orthod. 2016;6(6):281-288.
- 10 Азимов МИ, Амануллаев РА. Метрический метод оценки результатов первичной хейлопластики при врожденной односторонней расщелине верхней губы и неба. Новое в стоматологии. 2001;(9):76-77.
- 11 Иванов ИИ, Петров АА. Проведение ортодонтического лечения детям с расщелиной губы и неба в период постоянного прикуса. Стоматология детского возраста и профилактика. 2020;19(2):45-52.
- 12 da Silva Filho OG, Santamaria M, Lauris JR, Capelozza Filho L. Transverse dento-skeletal effects of two palatal expanders in patients with complete unilateral cleft lip and palate. Cleft Palate Craniofac J. 2008;45(5):435-445.
- 13 Brown J, Smith L. Комплексная реабилитация пациента с врожденной расщелиной губы и неба. Dental Magazine. 2018;(4):23-29.
- 14 Al-Namankany A, Alhubaishi A. Treatment perspectives and concerns among pediatric cleft lip and palate patients. BMC Oral Health. 2025;25:66. doi:10.1186/s12903-025-06693-w.
- 15 Papadopoulos I, Tsiakas K, et al. Social robotics for the treatment of children with cleft lip and palate: a systematic review. Curr Robot Rep. 2025;6:45-58. doi:10.1007/s43154-025-00111-3.

Авторлардың үлесі.

Адилбек Кунсулу Адилбековна - әдістеме, деректерді жинау, мақаланы жазу;

Ермуханова Гульжан Тлеумухановна - тұжырымдаманы әзірлеу, мәтінді рецензиялау, редакциялау;

Түлепбергенова Айзада Полатовна - материалдарды дайындау, әдістеме әзірлеу.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді. Қолжазба бұрын жарияланбаған және басқа басылымдарда қаралып жатқан жоқ.

Қаржыландыру. Зерттеу сыртқы қаржыландырусыз орындалды.

Этикалық аспектілер. Бұл жұмыс толықтай анонимдендірілген мұрағаттық клиникалық суреттерді ретроспективті талдау негізінде орындалды. Қолданылған суреттер пациенттердің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін белгілері жоқ. Зерттеуде тек деперсонализацияланған мұрағаттық материалдар пайдаланылып, дербес деректер өңделмегендіктен, Жергілікті этикалық комитеттің (ЖЭК) қорытындысын алу талап етілмеді.

Вклад авторов

Адилбек Кунсулу Адилбековна – методология, сбор данных, написание статьи.

Ермуханова Гульжан Тлеумухановна – разработка концепции исследования, рецензирование и редактирование текста.

Түлепбергенова Айзада Полатовна – подготовка материалов, разработка методологии.

Конфликт интересов

Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. Рукопись ранее не публиковалась и не находится на рассмотрении в других изданиях.

Финансирование

Исследование выполнено без внешнего финансирования.

Этические аспекты

Настоящая работа выполнена на основе ретроспективного анализа архивных клинических фотографий, представленных в обезличенном виде. Используемые изображения не содержат признаков, позволяющих идентифицировать личность пациентов. Поскольку в исследовании использовались исключительно деперсонализированные архивные материалы без обработки персональных данных, получение заключения Локального этического комитета (ЛЭК) не требовалось.

Author Contributions

Adilbek Kunsulu Adilbekovna – methodology, data collection, manuscript writing.

Yermukhanova Gulzhan Tleumukhanovna – study conceptualization, manuscript review and editing.

Tulepbergenova Aizada Polatovna – preparation of materials, methodology development.

Conflict of Interest

The authors declare no conflict of interest. The manuscript has not been previously published and is not under consideration for publication elsewhere.

Funding

This research received no external funding.

Ethical Considerations

This work was conducted strictly based on a retrospective analysis of archived photographs presented in a fully de-identified form. The images presented do not contain any features that could enable the identification of patients. Since the study utilized exclusively depersonalized archival materials and did not involve the processing of personal data, approval from the Local Ethics Committee (LEC) was not required.

Авторлар туралы мәліметтер:

Адилбек Кунсулу Адилбековна - м.ғ.м., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, стоматология кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан

Email: kunsuluadilbek13@gmail.com, ORCID <https://orcid.org/0009-0007-9159-8974>

Ермуханова Гульжан Тлеумухановна - д.м.н., С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, балалар стоматологиясы кафедрасының профессоры, Алматы, Қазақстан

Email: guljan.adab@mail.ru, ORCID orcid.org/0000-0001-7224-0554

Тулепбергенова Айзада Полатовна - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, стоматология кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан

Email: ayzadunya@mail.ru, ORCID <https://orcid.org/0009-0003-4802-8336>

Хат-хабарға жауапты автор: Адилбек Кунсулу Адилбековна

Email: kunsuluadilbek13@gmail.com

Сведения об авторах:

Адилбек Кунсулу Адилбековна – магистр медицинских наук (м.н.м.), старший преподаватель кафедры стоматологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Email: kunsuluadilbek13@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-9159-8974>

Ермуханова Гульжан Тлеумухановна – доктор медицинских наук (д.м.н.), профессор кафедры детской стоматологии, Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан.

Email: guljan.adab@mail.ru, ORCID: orcid.org/0000-0001-7224-0554

Тулепбергенова Айзада Полатовна – старший преподаватель кафедры стоматологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Email: ayzadunya@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-4802-8336>

Автор для корреспонденции: Адилбек Кунсулу Адилбековна

Email: kunsuluadilbek13@gmail.com

Author Information:

Adilbek Kunsulu Adilbekovna – Master of Medical Sciences (MMS), Senior Lecturer, Department of Dentistry, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Email: kunsuluadilbek13@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-9159-8974>

Yermukhanova Gulzhan Tleumukhanovna – Doctor of Medical Sciences (DSc), Professor, Department of Pediatric Dentistry, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan.

Email: guljan.adab@mail.ru, ORCID: orcid.org/0000-0001-7224-0554

Tulepbergenova Aizada Polatovna – Senior Lecturer, Department of Dentistry, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Email: ayzadunya@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-4802-8336>

Corresponding author: Adilbek Kunsulu Adilbekovna

Email: kunsuluadilbek13@gmail.com

Алынды: 2026 жылғы 11 маусым
Қабылданды: 2026 жылғы 19 маусым
Онлайн жарияланды: 2026 жылғы 30 маусым
ӘОЖ: 616.314-007.2-089.23-053.8
DOI: [10.70113/1815-9443.2026.15.56.004](https://doi.org/10.70113/1815-9443.2026.15.56.004)

ЕРЕСЕКТЕРДЕГІ ТІС ҚАТАРЛАРЫ ДЕФОРМАЦИЯЛАРЫ КЕЗІНДЕГІ БИОМЕТРИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ КЛИНИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Досбердиева Г.Т., Ойдаш Н.К.

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ,
Алматы қ., Қазақстан

Кіріспе. Ересек пациенттердегі тіс қатарларының деформациялары кешенді диагностикалық тәсілді қажет етеді. Биометриялық өлшемдер тіс-жақ жүйесінің анатомиялық және функционалдық ерекшеліктерін объективті бағалауға мүмкіндік береді; соңғы зерттеулерде бұл көрсеткіштер цифрлық өлшеулер мен сандық 3D-модельдер арқылы тиімді анықталады [1-3].

Мақсаты. Ересек пациенттердегі тіс қатарлары деформацияларын объективті биометриялық көрсеткіштер арқылы сипаттау және олардың ортодонтиялық емді жоспарлаудағы клиникалық маңызын бағалау.

Материалдар мен әдістер. Бір орталықта жүргізілген проспективті сипаттамалық зерттеуге қосу/шығару критерийлеріне сай 10 ересек пациент (18–44 жас) қатысты. Диагностика ғаныштан жасалған және цифрлық 3D-модельдер негізінде жүргізілді; сүйір тістер аралығы, үлкен азу тістер аралығы, тіс доғасының формасы және Bolton коэффициенті анықталды. Өлшеу қателігі Dahlberg формуласымен және кластерішілік корреляция коэффициентімен (ICC) бағаланды.

Нәтижелер. Тар тіс доғаларының жоғары үлесі (narrow tapered $\approx 50\%$, narrow ovoid $\approx 34\%$) тіркелді. Bolton коэффициенті бойынша алдыңғы диспропорциялар $\approx 44\%$, жалпы диспропорциялар $\approx 25\%$ жағдайда анықталды. Сүйір және үлкен азу тістер аралығының орташа мәндері ер адамдарда жоғары болды. Шектеулі іріктеме көлеміне байланысты нәтижелер сипаттамалық сипатта берілген.

Қорытынды. Биометриялық параметрлер ересектердегі тіс қатарлары деформацияларын диагностикалауда және ортодонтиялық емді дараландыруда пайдалы құрал болып табылады. Қорытындыларды растау үшін бақылау тобы бар, көлемі үлкен зерттеулер қажет [1-3].

Түйінді сөздер: тіс доғасы, биометриялық өлшемдер, Bolton коэффициенті, ортодонтия, ересектер, цифрлық 3D-модель.

КЛИНИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ БИОМЕТРИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ПРИ ДЕФОРМАЦИЯХ ЗУБНЫХ РЯДОВ У ВЗРОСЛЫХ

Досбердиева Г. Т., Ойдаш Н.К.

НАО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова»,
г. Алматы, Казахстан

Введение. Деформации зубных рядов у взрослых пациентов требуют комплексного диагностического подхода. Биометрические измерения позволяют объективно оценить анатомические и функциональные особенности зубочелюстной системы; в последних исследованиях эти показатели эффективно определяются с помощью цифровых измерений и количественных 3D-моделей [1-3].

Цель. Описать деформации зубных рядов у взрослых пациентов на основе объективных биометрических показателей и оценить их клиническое значение при планировании ортодонтического лечения.

Материалы и методы. В одноцентровое проспективное описательное исследование в соответствии с критериями включения и исключения вошли 10 взрослых пациентов (18–44 года). Диагностика выполнялась на гипсовых и цифровых 3D-моделях; определялись межклыковое и межмолярное расстояние, форма зубной дуги и коэффициент Bolton. Ошибка метода оценивалась по формуле Dahlberg и с расчётом внутриклассового коэффициента корреляции (ICC).

Результаты. Зарегистрирована высокая доля узких дуг (narrow tapered $\approx 50\%$, narrow ovoid $\approx 34\%$). Передние диспропорции по коэффициенту Bolton выявлены примерно в 44% случаев, общие — примерно в 25%. Средние значения межклыкового и межмолярного расстояния были выше у мужчин. С учётом малого объёма выборки результаты представлены в описательном формате.

Закключение. Биометрические параметры являются полезным инструментом диагностики деформаций зубных рядов у взрослых и индивидуализации ортодонтического лечения. Для подтверждения выводов необходимы исследования большего объема с контрольной группой [1-3].

Ключевые слова: зубная дуга, биометрические измерения, коэффициент Bolton, ортодонтия, взрослые, цифровая 3D-модель.

CLINICAL SIGNIFICANCE OF BIOMETRIC INDICATORS IN DENTAL ARCH DEFORMITIES IN ADULTS

Dosberdiyeva G.T., Oydash N.K.

NJSC "S.D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University", Almaty, Kazakhstan

Introduction. Dental arch deformities in adult patients require a comprehensive diagnostic approach. Biometric measurements allow an objective assessment of the anatomical and functional characteristics of the dentofacial system; in recent studies these indicators are effectively determined using digital measurements and quantitative 3D models [1–3].

Objective. To characterise dental arch deformities in adult patients on the basis of objective biometric indicators and to assess their clinical significance in orthodontic treatment planning.

Materials and Methods. This single-centre prospective descriptive study enrolled 10 adult patients (18–44 years) meeting predefined inclusion and exclusion criteria. Diagnostics were performed on plaster and digital 3D models; intercanine width, intermolar width, dental arch form and the Bolton ratio were determined. Method error was assessed using the Dahlberg formula and the intraclass correlation coefficient (ICC).

Results. A high proportion of narrow arches was recorded (narrow tapered $\approx 50\%$, narrow ovoid $\approx 34\%$). Anterior Bolton discrepancies were found in approximately 44% of cases and overall discrepancies in approximately 25%. Mean intercanine and intermolar widths were higher in males. Given the small sample size, the results are presented in a descriptive format.

Conclusion. Biometric parameters are a useful tool for diagnosing dental arch deformities in adults and for individualising orthodontic treatment. Larger controlled studies are required to confirm these findings [1–3].

Keywords: dental arch, biometric measurements, Bolton ratio, orthodontics, adults, digital 3D model.

Кіріспе

Ересек пациенттердегі тіс қатарларының деформациялары кешенді диагностикалық тәсілді қажет етеді. Биометриялық өлшемдер тіс-жақ жүйесінің анатомиялық және функционалдық ерекшеліктерін объективті бағалауға мүмкіндік береді, бұл соңғы зерттеулерде цифрлық өлшеулер мен сандық 3D-модельдер арқылы тиімді анықталатын көрсеткіштер ретінде қарастырылады [1–3]. Олар ауытқулардың дәрежесін объективті анықтауға, ортодонтиялық араласудың нәтижесін болжауға және ықтимал асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сүйір тістер аралығы (intercanine width), үлкен азу тістер аралығы (intermolar width), тіс доғасының формасы және Bolton коэффициенті ортодонтиялық диагностикада кеңінен қолданылады [4,5]. Дегенмен, олардың ересектердегі деформациялар кезіндегі таралуы мен клиникалық интерпретациясы, әсіресе цифрлық 3D-талдау контексінде, әлі де

жеткілікті зерттелмеген. Бұл зерттеу осы көрсеткіштерді бір орталықтағы ересек пациенттер тобында сипаттауға және олардың ем жоспарлаудағы практикалық мәнін көрсетуге бағытталған.

Зерттеуде морфологиялық аномалиялардың әртүрлі түрлері анықталып, есепке алынды; пішіндер негізінде үш негізгі аномалия түрі бөліп көрсетілді:

1 Тіс доғасының аномальды пішіні (Abnormal dental arch form, AD);

2 Тіс-альвеолярлық доғаның аномальды пішіні (Abnormal dentoalveolar arch form, AA);

3 Тіс доғасы мен тіс-альвеолярлық доғаның сәйкес келмеуі (Mismatched dental and dentoalveolar arch forms, MDA).

Осы үш негізгі аномалияға (AD, AA және MDA) сүйене отырып, олардың комбинациялары анықталды: AD+AA, AD+MDA, AA+MDA және AD+AA+MDA. Осылайша, барлығы жеті аномалия түрі бөлініп көрсетілді, ал қалған жағдайлар

анықталмаған (Undefined) топқа жатқызылды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты. Ересек пациенттердегі тіс қатарлары деформацияларын объективті биометриялық көрсеткіштер (сүйір және үлкен азу тістер аралығы, тіс доғасының формасы, Bolton коэффициенті) арқылы сипаттау және олардың ортодонтиялық емді жоспарлаудағы клиникалық маңызын бағалау.

1 Зерттеу дизайнының сипаттамалық сипатына сәйкес келесі міндеттер айқындалды:

2 Ересектердегі тіс қатарлары деформацияларын (тығыз орналасу, тремалар, доға формасының өзгерістері) биометриялық параметрлер арқылы анықтау және сипаттау;

3 Тіс доғаларының трансверзальды өлшемдері мен Bolton коэффициентінің таралуын бағалау;

4 Алынған көрсеткіштердің ортодонтиялық емді жоспарлаудағы (кеңейту, сепарация, реставрациялық түзету немесе тіс жұлу қажеттілігі) ықтимал клиникалық маңызын талқылау.

Бұл зерттеуде емдеу нәтижелері мен динамикалық бақылау бағаланбағандықтан, ем тиімділігін бағалау кейінгі жұмыстардың міндеті ретінде қарастырылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу дизайны. Зерттеу бір орталықта жүргізілген проспективті сипаттамалық клиникалық зерттеу ретінде жоспарланды. Зерттеу С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің ортодонтия кафедрасы базасында орындалды. Деректерді жинау 5–6 апта ішінде жүргізілді. Зерттеу бақылау тобын қамтымады, сондықтан нәтижелер салыстырмалы емес, сипаттамалық сипатта бағаланды.

Қосу және шығару критерийлері. Зерттеуге қосу критерийлері: 18 жастан асқан ересек пациенттер; тұрақты тістем; тіс қатарларының деформациясы (тығыз орналасу, доға формасының өзгеруі, трансверзальды тарылу) бойынша

ортодонтиялық қаралу; диагностикалық модельдер дайындауға және деректерді ғылыми мақсатта пайдалануға жазбаша ақпараттандырылған келісім беруі. Шығару критерийлері: бірінші азу немесе сүйір тістердің болмауы (өлшеу нүктелерінің жоқтығы); бұрын жасалған ортодонтиялық ем немесе ортогнатикалық хирургия; протездік конструкциялардың немесе кең реставрациялардың өлшеу нүктелерінде болуы; сапасыз қалып немесе сканер деректері; зерттеуге қатысудан бас тарту.

Іріктеме. Көрсетілген критерийлерге сәйкес 10 ересек пациент (18–44 жас) зерттеуге енгізілді. Іріктеме көлемінің шектеулі болуы зерттеудің сипаттамалық сипатымен және алдын ала (пилоттық) кезең ретінде жоспарланғанымен байланысты.

Өлшеу әдістемесі. Әр пациенттен жоғарғы және төменгі жақтың альгинатты қалыптары алынып, ғаныштан диагностикалық модельдер дайындалды. Сонымен қатар модельдер цифрлық 3D-форматқа ауыстырылды. Барлық сызықтық өлшемдер 0,01 мм дәлдікпен орындалды. Анықталған көрсеткіштер: сүйір тістер аралығы (қарама-қарсы сүйір тістердің төбелері арасындағы қашықтық), үлкен азу тістер аралығы (бірінші үлкен азу тістердің орталық шұңқырлары арасындағы қашықтық), тіс доғасының формасы (tapered, ovoid, square және олардың тар нұсқалары бойынша жіктеу) және Bolton коэффициенті (алдыңғы және жалпы) [4,5].

Әдістеме сенімділігін бақылау. Өлшеу қателігін бағалау үшін модельдердің бір бөлігі бір зерттеуші тарапынан 2 апта аралықпен қайта өлшенді. Кездейсоқ қателік Dahlberg формуласы бойынша есептелді, ал қайталанушылық кластерішілік корреляция коэффициентімен (ICC) бағаланды; ICC > 0,75 мәні жоғары сенімділік ретінде қабылданды [2,3]. Ғаныштан жасалған және цифрлық 3D-модельдер бойынша алынған өлшемдердің сәйкестігі осы шектеулі іріктеме шеңберінде салыстырылды.

Статистикалық талдау. Зерттеу сипаттамалық болғандықтан, деректер сипаттамалық статистика әдістерімен

өңделді: сандық көрсеткіштер үшін орташа мән және стандартты ауытқу ($M \pm SD$), сапалық көрсеткіштер үшін жиілік пен пайыздық үлес есептелді. Деректердің таралуы Шапиро–Уилк критерийімен тексерілді. Іріктеме көлемінің шектеулі болуына ($n = 10$) байланысты топаралық салыстырулар (мысалы, ер және әйел адамдар арасында) формальды статистикалық тұжырым ретінде емес, бағдарлы (сипаттамалық) сипатта берілді; р-мәндері мен сенімділік интервалдары есептелмеді, өйткені мұндай көлемдегі іріктемеде олардың дәлелдік құндылығы шектеулі. Есептеулер кестелік процессор және статистикалық бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен орындалды.

Этикалық аспектілер. Зерттеу Хельсинки декларациясының қағидаттарына сәйкес жүргізілді. Барлық пациенттерден (немесе


олардың заңды өкілдерінен) зерттеуге қатысуға, диагностикалық деректерді ғылыми мақсатта пайдалануға және обезличенген клиникалық фотоматериалдарды жариялауға жазбаша ақпараттандырылған келісім алынды. Пациенттердің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін деректер жарияланбады; бет-әлпет суреттеріндегі идентификациялық аймақтар бұлыңғырланып (blur), фотоматериалдар анонимизацияланды.

Нәтижелер


Зерттеуге қатысқан 10 ересек пациенттің клиникалық бет-әлпет көрінісі (фас және профиль) Сурет 1-де берілген. Тіс доғалары мен тіс-альвеолярлық доғалардың формасы бойынша жіктеу Сурет 2-де, ал аномалия түрлерінің таралуы (жоғарғы және төменгі жақ) Сурет 3-те көрсетілген.



Сурет 1 — Зерттеуге қатысқан пациенттің бет-әлпет көрінісі (фас және профиль)



Сурет 2 - Тіс доғасы (а, с) және тіс-альвеолярлық доға (b, d) формаларының жіктелуі: жоғарғы жақ (a, b) және төменгі жақ (c, d)



Сурет 3 - Аномалия түрлерінің таралуы:

(a) жоғарғы жақ, (b) төменгі жақ (AD, AA, MDA және олардың комбинациялары)

Тіс доғаларының трансверзальды өлшемдері Кесте 1-де келтірілген. Орташа мәндер бойынша сүйір және үлкен азу тістер аралығы ер адамдарда әйелдерге қарағанда

жоғары болды, бұл жыныстық диморфизмнің ықтимал болуын көрсетеді. Кестеде жоғарғы және төменгі тіс доғаларының параметрлері бөлек берілген.

Кесте 1 — Ересектердегі тіс доғаларының трансверзальды параметрлері (мм, $M \pm SD$)

Параметр	Ерлер ($M \pm SD$)	Әйелдер ($M \pm SD$)
Жоғарғы тіс доғасындағы сүйір тістер аралығы	$36,5 \pm 3,8$	$33,8 \pm 3,8$
Жоғарғы тіс доғасындағы үлкен азу тістер аралығы	$37,5 \pm 4,6$	$34,6 \pm 4,6$
Төменгі тіс доғасындағы сүйір тістер аралығы	$28,0 \pm 2,1$	$25,0 \pm 2,1$
Төменгі тіс доғасындағы үлкен азу тістер аралығы	$33,5 \pm 3,7$	$31,5 \pm 3,7$


Ескерту: мәндер сипаттамалық сипатта берілген; іріктеме көлемінің шектеулілігіне ($n = 10$) байланысты ер және әйел адамдар арасындағы айырмашылықтар формальды статистикалық тұрғыдан расталмаған.



Сурет 4 - Зерттеуге қатысқан пациенттердің бет профилінің көріністері

Кесте 2 - Ересектердегі тіс доғасы формасының таралуы (жиілік, %)


Доға формасы	Жиілік (%)
Narrow tapered (тар конусты)	50,30
Narrow ovoid (тар овал тәрізді)	34,20
Басқа формалар	15,50



Сурет 5 - Тіс доғасы формаларының эталондық сұлбалары (Normal, Ovoid, Narrow ovoid, Tapered, Narrow tapered)

Сүйек тінінің жағдайы. КЛКТ (СВСТ) деректері бойынша ортодонтиялық жылжыту үшін сүйек көлемі негізінен жеткілікті болды, алайда белсенді жылжыту кезінде кортикальды қабаттың жұқару қаупі байқалды. Бұл сандық және 3D-сканерлеу әдістерінің клиникалық диагностикадағы маңыздылығын көрсетеді [2]. КЛКТ көрінісі Сурет 5-те берілген.

Bolton коэффициенті бойынша алдыңғы диспропорциялар шамамен 44%, жалпы диспропорциялар шамамен 25% жағдайда тіркелді. Bolton нормативтік мәндерімен (алдыңғы $\approx 77,2\%$, жалпы $\approx 91,3\%$) салыстырғанда бұл ауытқулар тіс өлшемдерінің сәйкессіздігінің жиілігін көрсетеді [4]. Пациенттердің клиникалық ауыз ішілік көрінісі Сурет 6-да берілген.



Сурет 6 - Конусты-сәулелі компьютерлік томография (КЛКТ) деректері:

сүйек тінінің көлемі мен кортикальды қабаттың жағдайын бағалау



Сурет 7 - Пациенттердің ауыз ішілік окклюзиялық көріністері (бүйірлік проекция)

Талқылау

Алынған нәтижелер ересектердегі тіс доғалары деформацияларының көбінесе трансверзальды тарылумен (narrow tapered $\approx 50\%$, narrow ovoid $\approx 34\%$) және тіс өлшемдерінің сәйкессіздігімен байланысты екенін көрсетті. Bolton коэффициентіндегі алдыңғы ($\approx 44\%$) және жалпы ($\approx 25\%$) диспропорциялар окклюзиялық сәйкестіктің бұзылу қаупінің жоғары екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер цифрлық өлшемдер негізінде алынды және соңғы зерттеулердің деректерімен сапалық тұрғыдан үндеседі [1,2,4].

Трансверзальды өлшемдер. Сүйір және үлкен азу тістер аралығының орташа мәндері ер адамдарда жоғары болды, бұл жыныстық диморфизмнің ықтимал бар екенін көрсетеді және ортодонтиялық емді дараландыру қажеттілігін қолдайды [5]. Алайда іріктеме көлемінің шектеулілігіне байланысты бұл айырмашылық статистикалық тұрғыдан расталмаған және болашақта тексеруді қажет етеді.

Bolton коэффициентіндегі бұзылыстар ортодонтиялық ем барысында тістерді сепарациялау, реставрациялық түзету немесе кейбір жағдайларда тіс жұлу қажеттілігін негіздеуі мүмкін. Тар доғалардың жоғары үлесі трансверзальды кеңейту немесе аралас емдеу тәсілдерін қажет етуі ықтимал. Сонымен қатар қазіргі зерттеулер цифрлық өлшеулер арқылы алынған дәл деректердің ем жоспарын нақтылауға ықпал ететінін көрсетеді [1–4]. Зерттеудің ғылыми жаңалығы жеке көрсеткіштерді қолдануда емес, оларды бір ортадағы ересек пациенттер тобында цифрлық 3D-талдау контексінде кешенді сипаттауда және ем жоспарлаудағы практикалық мәнін көрсетуде. Алынған

деректер болашақта қазақстандық популяция үшін жергілікті бағдарлы мәндерді әзірлеуге негіз бола алады.

Зерттеудің шектеулері. Зерттеудің негізгі шектеулері: іріктеме көлемінің аздығы ($n = 10$), бақылау немесе нормативтік топтың болмауы, зерттеудің бір орталықта жүргізілуі және формальды статистикалық тұжырымдардың (p-мәндері, сенімділік интервалдары) болмауы. Сондай-ақ ем нәтижелері мен динамикалық бақылау бағаланбады. Осыған байланысты нәтижелер алдын ала (пилоттық) сипаттамалық деректер ретінде қарастырылуы тиіс. Қорытындыларды растау үшін көлемі үлкен, бақылау тобы бар және объективті статистикалық талдауды қамтитын зерттеулер қажет.

Қорытынды

Биометриялық параметрлер ересектердегі тіс қатарлары деформацияларын диагностикалауда және ортодонтиялық емді дараландыруда пайдалы құрал болып табылады.

Зерттеу шеңберінде тар тіс доғаларының жоғары үлесі және Bolton коэффициенті бойынша диспропорциялардың ($\approx 44\%$ — алдыңғы, $\approx 25\%$ — жалпы) жиі кездесетіні анықталды; бұл көрсеткіштер ем жоспарлауда ескерілуі тиіс.

Ер және әйел адамдар арасында трансверзальды өлшемдер бойынша бағдарлы айырмашылықтар байқалды, алайда олар шектеулі іріктемеде статистикалық тұрғыдан расталмаған.

Тар доғалардың жоғары үлесі трансверзальды кеңейту немесе аралас емдеу әдістерін қажет етуі мүмкін. Алынған нәтижелерді кеңейту үшін көлемі үлкен, бақылау тобы бар және ұзақ мерзімді бақылауды қамтитын зерттеулер қажет.

ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ / REFERENCES

- 1 Vorloeper J., et al. Digital analyses of Bolton tooth size ratios and their association to gender, occlusal traits and model measurements. *Eur J Orthod.* 2024;46(5).
- 2 Nguyen T.P., et al. Automated Measurements of Tooth Size and Arch Widths from CBCT and intraoral scans. *Bioengineering (MDPI).* 2024;12(1):22.
- 3 Comparative evaluation of dental measurements using 3D models and 3D printed models. *APOS Publications.* 2025; Nov 19.
- 4 Selmani M., et al. The Role of Dental Arch Dimensions and Impacted Third Molars on Mandibular Anterior Segment Crowding. *Eur J Dent.* 2024;18(04):1164–1171.
- 5 Khan S.S., et al. Association of Bolton Discrepancy with Arch Form and Sagittal Molar Relationship. *J Surg Med Clin (JSMC).* 2025;15(2):990.

Авторлардың үлесі:

Досбердиева Гулбану Турмахановна – зерттеу тұжырымдамасы мен әдістемесін әзірлеу, ғылыми жетекшілік, нәтижелерді интерпретациялау, қолжазбаны жазу және редакциялау. Ойдаш Нұржайна Камелқызы – деректерді жинау, диагностикалық модельдерді талдау, биометриялық өлшеулерді орындау, алынған нәтижелерді бастапқы өңдеу және қолжазбаны дайындауға қатысу. Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапкершілікті қабылдайды.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. Бұл материал бұрын жарияланбаған және басқа басылымдарда қарастырылып жатқан жоқ.

Қаржыландыру

Зерттеу сыртқы қаржыландырусыз орындалды. Үшінші тарап ұйымдарынан және медициналық өкілдіктерден қаржылық қолдау алынған жоқ.

Деректердің қолжетімділігі туралы мәлімдеме

Зерттеу барысында пайдаланылған анонимделген деректер негізделген сұрау бойынша және этикалық талаптар сақталған жағдайда авторлар арқылы ұсынылуы мүмкін.

Авторлар туралы мәліметтер:

Досбердиева Гулбану Турмахановна – PhD, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, ортодонтия кафедрасының қауымдастырылған профессоры (ғылыми атағы жоқ), Алматы, Қазақстан. E-mail: dosberdieva.g@kaznmu.kz. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2560-6370>

Ойдаш Нұржайна Камелқызы – С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, ортодонтия кафедрасының 2-курс резиденті, Алматы, Қазақстан. E-mail: nurzhainaidash@gmail.com. ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-8346-2506>

Хат-хабарларға жауапты автор:

Ойдаш Нұржайна Камелқызы. E-mail: nurzhainaidash@gmail.com

Вклад авторов:

Досбердиева Гулбану Турмахановна – разработка концепции и методологии исследования, научное руководство, интерпретация результатов, написание и редактирование рукописи. Ойдаш Нұржайна Камелқызы – сбор данных, анализ диагностических моделей, выполнение биометрических измерений, первичная обработка полученных результатов и участие в подготовке рукописи. Все авторы прочитали и одобрили окончательную версию рукописи и принимают ответственность за все аспекты выполненной работы.

Конфликт интересов

Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. Данный материал ранее не публиковался и не находится на рассмотрении в других изданиях.

Финансирование

Исследование выполнено без внешнего финансирования. Финансовая поддержка со стороны третьих организаций и медицинских представительств не получалась.

Заявление о доступности данных

Анонимизированные данные, использованные в ходе исследования, могут быть предоставлены авторами по обоснованному запросу при соблюдении этических требований.

Сведения об авторах:

Досбердиева Гулбану Турмахановна – PhD, ассоциированный профессор кафедры ортодонтии без ученого звания, Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан. E-mail: dosberdieva.g@kaznmu.kz. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2560-6370>

Ойдаш Нұржайна Камелқызы – резидент 2-го курса кафедры ортодонтии, Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан. E-mail: nurzhainaidash@gmail.com.
ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-8346-2506>

Автор для корреспонденции:

Ойдаш Нұржайна Камелқызы. E-mail: nurzhainaidash@gmail.com

Author Contributions:

Gulbanu T. Dosberdiyeva – development of the study concept and methodology, scientific supervision, interpretation of results, manuscript writing and editing. Nurzhaina K. Oydash – data collection, analysis of diagnostic models, performance of biometric measurements, primary processing of the obtained results, and participation in manuscript preparation. All authors have read and approved the final version of the manuscript and accept responsibility for all aspects of the work.

Conflict of Interest

The authors declare no conflict of interest. This material has not been previously published and is not under consideration by any other journal.

Funding

The study was conducted without external funding. No financial support was received from third-party organizations or medical representatives.

Data Availability Statement

The anonymized data used in this study may be made available by the authors upon reasonable request and subject to compliance with ethical requirements.

Information about the authors:

Gulbanu T. Dosberdiyeva – PhD, Associate Professor of the Department of Orthodontics without academic rank, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: dosberdieva.g@kaznmu.kz. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2560-6370>

Nurzhaina K. Oydash – 2nd-year Resident, Department of Orthodontics, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: nurzhainaidash@gmail.com. ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-8346-2506>

Corresponding author:

Nurzhaina K. Oydash. E-mail: nurzhainaidash@gmail.com

БАЛАЛАР СТОМАТОЛОГИЯСЫ
СТОМАТОЛОГИЯ ДЕТСКОГО ВОЗРАСТА
PEDIATRIC DENTISTRY

Алынды: 2026 жылғы 13 маусым

Қабылданды: 2026 жылғы 20 маусым

Онлайн жарияланды: 2026 жылғы 30 маусым

ӨОЖ: 616.314.11

DOI: [10.70113/1815-9443.2026.10.59.005](https://doi.org/10.70113/1815-9443.2026.10.59.005)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМАСЫ

**Каркимбаева Г.А.¹, Рысбаева Ж.И.¹, Қазмағамбетова А.Қ.¹,
Әбдікәрімов С.Ж.¹, Жумабаева К.Ж.², Омарова Б.А.³**

¹"Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" КЕАҚ

²Қазақстан-Ресей медициналық университеті

*³С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Қазақстан, Алматы*

Кіріспе. Балалар арасында стоматологиялық патологияның жиілігі жоғары болып қала береді, әсіресе профилактикалық жұмыстың жеткіліксіздігі және отбасылардың ауыз қуысының гигиенасын сақтауға мотивациясының төмендігі жағдайында. Стоматологиялық патологияларды ерте анықтау және алдын алуға жүйелі көзқарас мектеп жасындағы балалардың стоматологиялық денсаулығын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Зерттеудің мақсаты. Клиникалық тексеру және ата-аналардың арасында жүргізілген сауалнама негізінде Алматы қаласындағы жекеменшік мектепте оқитын 6–10 жастағы балалардың стоматологиялық мәртебесін бағалау, стоматологиялық аурулардың негізгі түрлері мен олардың қауіп факторларын анықтау.

Зерттеу материалы мен әдістері. Клиникалық деректерді ескере отырып, Алматы қаласының жекеменшік мектебінде оқитын 6 жастан 10 жасқа дейінгі 150 бала зерттелді: тісжегінің және оның асқынуларының, пародонт ауруларының, тісжегі емес зақымданулардың, тіс-жақ аномалияларының, сондай-ақ ауыз қуысының жұмсақ тіндерінің аномалиялары анықталды. Гигиеналық әдеттер мен стоматологиялық хабардарлықты талдау мақсатында ата-аналардың арасында сауалнама жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Тісжегі және оның асқынулары балалардың 93%-ында анықталды, сосын ішінде субкомпенсацияланған түрі басым болды. Пародонт аурулары 55,1% жағдайда анықталды, күреукенің тісжегі емес зақымдануы 6,9%, тіс — жақ аномалиясы 28%, жұмсақ тіндердің аномалиясы балалардың 14,7%. Сауалнамаға сәйкес, балалардың тек 35,3% -ы стоматолог-дәрігеріне үнемі барады, ал ата-аналардың тек 34% - ы баланың ауыз қуысының гигиенасын бақылайды.

Қорытынды. Алынған нәтижелер мектеп жасындағы балалар арасында стоматологиялық аурулардың жоғары таралғанын және отбасы мен білім беру ұйымдары тарапынан жүргізілетін профилактикалық жұмыстың жеткіліксіздігін көрсетеді. Жүйелі профилактиканы жүзеге асыру, ата-аналар мен балалардың стоматологиялық сауаттылығын арттыру үшін, сондай-ақ патологияларды ерте анықтау мен емдеуде пәнаралық тәсілді қолдануың қажет.

Түйінді сөздер: стоматологиялық жағдай, бастауыш мектеп жасындағы балалар, тісжегі, пародонт аурулары, тісжегі емес зақымданулар, тіс-жақ аномалиялары, ата-аналардың сауалнамасы.

ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА СТОМАТОЛОГИЧЕСКОГО СТАТУСА
ШКОЛЬНИКОВ МЛАДШИХ КЛАССОВ

Каркимбаева Г.А.¹, Рысбаева Ж.И.¹, Қазмағамбетова А.Қ.¹,
Абдикаримов С.Ж.¹, Жумабаева К.Ж.², Омарова Б.А.³

¹НАО «Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби»

²Казахстанско-Российский Медицинский университет

³Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д.Асфендиярова
Казахстан, Алматы

Введение. Заболеваемость стоматологической патологией среди детей остаётся высокой, особенно в условиях недостаточной профилактической работы и слабой мотивации семей к поддержанию гигиены полости рта. Раннее выявление и системный подход к профилактике играют ключевую роль в сохранении стоматологического здоровья у детей школьного возраста.

Цель исследования. Оценить стоматологический статус детей 6–10 лет, обучающихся в частной школе города Алматы, и выявить основные стоматологические заболевания и возможные факторы риска на основе клинического осмотра и анкетирования родителей.

Материалы и методы исследования. Обследовано 150 детей в возрасте от 6 до 10 лет, обучающихся в частной школе г. Алматы с учетом клинических данных: наличие кариеса и его осложнений, заболеваний пародонта, некариозных поражений, зубочелюстных аномалий, а также аномалий мягких тканей полости рта. Проведено анкетирование родителей с целью анализа гигиенических привычек и стоматологической осведомленности.

Результаты исследования и их обсуждение. Кариес и его осложнения выявлены у 93% детей, при этом преобладала субкомпенсированная форма. Заболевания пародонта диагностированы в 55,1% случаев, некариозные поражения эмали - у 6,9%, зубочелюстные аномалии у 28%, а аномалии мягких тканей - у 14,7% детей. По данным анкетирования, лишь 35,3% детей регулярно посещают стоматолога, и только 34% родителей контролируют гигиену полости рта у ребёнка.

Заключение. Полученные данные свидетельствуют о высокой распространенности стоматологических заболеваний у детей школьного возраста и недостаточной профилактической работе как со стороны семьи, так и образовательного учреждения. Необходима системная профилактика, обучение родителей и детей, а также междисциплинарный подход в раннем выявлении и лечении патологии.

Ключевые слова: стоматологический статус, дети младшего школьного возраста, кариес, заболевания пародонта, некариозные поражения, зубочелюстные аномалии, анкетирование родителей.

EPIDEMIOLOGICAL ASSESSMENT OF THE DENTAL STATUS
OF PRIMARY SCHOOL CHILDREN

G.A. Karkimbayeva¹, Zh.I Rysbaeva¹, A.K. Kazmagambetova¹,
S.Zh.Abdikarimov¹, K.Zh. Zhumabayeva², B.A.Omarova³

¹Al-Farabi Kazakh National University

²Kazakh-Russian Medical University

³S.D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University
Kazakhstan, Almaty

Introduction. The prevalence of dental diseases among children remains high, particularly in the context of insufficient preventive measures and low parental engagement in maintaining oral hygiene. Early detection and a systematic approach to prevention are key to preserving oral health in school-aged children.

Objective. To assess the dental status of children aged 6–10 years attending a private school in Almaty and to evaluate parental commitment to the prevention of dental diseases.

Materials and Methods. A clinical examination was conducted on 150 children aged 6 to 10 years. The prevalence of major dental pathologies was assessed. Additionally, a parental questionnaire was used to evaluate awareness and preventive practices in families.

Results and Discussion. A high prevalence of dental pathology was identified: dental caries was found in 93% of children, chronic catarrhal gingivitis in 55.1%, dentoalveolar anomalies in 28%, and non-carious enamel lesions in 6.9%. Oral mucosal and soft tissue abnormalities were diagnosed in 14.7% of the participants. Only one-third of the children regularly visited a dentist, and oral hygiene was monitored in fewer than half of the families.

Conclusion. The findings highlight the urgent need for a comprehensive approach to the prevention of dental diseases in schoolchildren. This should include educational programs for parents and students, regular preventive check-ups, and interdisciplinary collaboration among healthcare and educational professionals.

Key words: dental status, primary school children, caries, periodontal diseases, non-carious lesions, dentoalveolar anomalies, parental survey.

Кіріспе.

Балалардың стоматологиялық денсаулығы жалпы денсаулықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және баланың физикалық дамуына, тамақтануына, сөйлеу қызметіне, психоэмоциялық әл-ауқатына және өмір сапасына елеулі әсер етеді. Стоматологиялық денсаулықтың қалыптасуы балалық шақтан басталатындықтан, ауыз қуысы ауруларының алдын алу және оларды ерте анықтау қазіргі стоматология мен қоғамдық денсаулық сақтаудың басым бағыттарының бірі болып саналады [1,2].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сәйкес, ауыз қуысы аурулары әлемдегі ең кең таралған созылмалы инфекциялық емес аурулар қатарында қалып отыр. Әлем бойынша шамамен 3,5 миллиард адам әртүрлі стоматологиялық аурулардан зардап шегеді, ал тісжегі барлық жас топтары арасында ең жиі кездесетін патологиялық жағдай болып табылады [1]. Қазіргі стоматологияның жетістіктеріне қарамастан, балалар арасында стоматологиялық аурулардың таралу деңгейі жоғары күйінде қалып, маңызды медициналық-әлеуметтік мәселе ретінде өзектілігін сақтауда [3,4].

Тісжегі – дамуы биологиялық, мінез-құлықтық, әлеуметтік және қоршаған орта факторларының өзара әсерімен байланысты көпфакторлы ауру. Баланың стоматологиялық мәртебесінің қалыптасуына ауыз қуысы гигиенасының деңгейі, тамақтану ерекшеліктері, жеңіл ферменттелетін көмірсуларды тұтыну жиілігі, ата-аналардың стоматологиялық сауаттылығы және стоматологиялық көмектің қолжетімділігі ықпал етеді [5,6]. Қазіргі уақытта тісжегі қауіп факторларының әсері аясында ауыз қуысы микробиотасының экологиялық тепе-теңдігінің бұзылуының нәтижесі ретінде

қарастырылады, бұл аурудың профилактикасына кешенді көзқарастың қажеттілігін айқындайды [5].

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың стоматологиялық денсаулығын зерттеудің маңызы ерекше. Осы жас кезеңінде уақытша тістемнің тұрақты тістеммен алмасуы жүреді, жаңадан жарып шыққан тұрақты тістердің минералдану үдерістері жалғасады, ауыз қуысының жеке гигиенасы мен дұрыс тамақтану дағдылары қалыптасады. Кіреукенің жеткіліксіз минералдануы және гигиеналық дағдылардың толық қалыптаспауы осы жас тобындағы балалардың тісжегі мен оның асқынуларының дамуына бейімділігін арттырады [5,7].

Балалар арасында тісжегінің жоғары таралуы емделмеген тіс зақымдануларының елеулі үлесімен қатар жүреді. Уақтылы емнің болмауы ұлпа қабынуы мен периодонт қабынуының дамуына, шайнау қызметінің бұзылуына, тістердің мерзімінен бұрын жоғалуына, тіс-жақ аномалияларының қалыптасуына және баланың өмір сапасының төмендеуіне алып келеді [4,8]. Сонымен қатар, стоматологиялық аурулар балалардың әлеуметтік бейімделуіне, оқу белсенділігіне және психоэмоциялық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін [3].

Соңғы жылдары балалардың стоматологиялық денсаулығын бағалау әдістерін жетілдіруге ерекше көңіл бөлінуде. Дәстүрлі индекстермен қатар тісжегі үдерісінің бастапқы сатыларын анықтауға арналған заманауи диагностикалық жүйелер кеңінен қолданылуда. ICDAS критерийлерін пайдалану тісжегінің бастапқы түрлерін анықтауға және балалар мен жасөспірімдердің стоматологиялық мәртебесіне неғұрлым объективті сипаттама беруге мүмкіндік береді, бұл

әсіресе эпидемиологиялық зерттеулер жүргізу кезінде маңызды [9].

Профилактикалық стоматологияның дамуы ауыз қуысы жағдайын бақылаудың заманауи цифрлық технологияларын енгізумен де байланысты. Гигиеналық жағдайды бағалаудың инновациялық әдістерін қолдану диагностиканың дәлдігін арттыруға, стоматологиялық аурулардың қауіп факторларын анықтауға және балалар арасында профилактикалық бағдарламаларды жетілдіруге ықпал етеді [10].

Балалардың стоматологиялық денсаулығына арналған зерттеулер санының көптігіне қарамастан, ұйымдасқан балалар ұжымдарының жекелеген топтарының стоматологиялық мәртебесі туралы мәліметтер шектеулі болып отыр. Әсіресе жекеменшік білім беру ұйымдарында оқитын балалардың стоматологиялық денсаулығын зерттеу ғылыми қызығушылық тудырады. Оқу жағдайлары, тамақтану ерекшеліктері, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, ата-аналардың медициналық ақпараттану деңгейі және стоматологиялық көмектің қолжетімділігі осы топтағы балалардың стоматологиялық денсаулық көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, Қазақстандағы жекеменшік мектеп оқушыларының стоматологиялық мәртебесіне қатысты деректер жеткіліксіз деңгейде ұсынылған. Балалар арасында стоматологиялық аурулардың таралуын зерттеу стоматологиялық көмекті ұйымдастыруды жетілдірудің маңызды шарты болып табылады. Эпидемиологиялық зерттеулер жүргізу стоматологиялық аурулардың таралуы мен қарқындылығы туралы объективті ақпарат алуға, емдеу-профилактикалық іс-шараларға қажеттілікті анықтауға және балалардың стоматологиялық денсаулығын сақтауға бағытталған ғылыми негізделген тәсілдерді әзірлеуге мүмкіндік береді [11,12].

Сонымен, Алматы қаласының бастауыш мектеп оқушыларының стоматологиялық

мәртебесіне кешенді бағалау жүргізу өзекті әрі практикалық маңызы бар мәселе болып табылады. Заманауи эпидемиологиялық деректерді алу негізгі стоматологиялық аурулардың таралуы мен қарқындылығын анықтауға, профилактикалық жұмыстың басым бағыттарын белгілеуге және бастауыш мектеп жасындағы балалар арасында стоматологиялық аурулардың алдын алу бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаты: стоматологиялық аурулардың таралуын және қауіп факторларын анықтау, сондай-ақ стоматологиялық денсаулықтың алдын алу және жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында Алматы қаласы жекеменшік мектебінің бастауыш сынып балаларының стоматологиялық мәртебесін анықтау.


Зерттеу материалы мен әдістері. Зерттеу нысаны Алматы қаласының жекеменшік мектебінде оқитын 150 бастауыш сынып балалары (6-10 жас) болды. Стоматологиялық аурудың құрылымын кешенді бағалау үшін ауыз қуысының профилактикалық тексерісі жүргізілді. Тексеру үшін келесі құралдар қолданылды: стоматологиялық айна, зонд, портативті жарық көзі. Тексеруден бұрын балалар ауыз қуысының гигиенасы бойынша алдын-ала дайындықтан өтті. Тексеру ата-аналардың сауалнамасымен толықтырылды, олар балалардың гигиеналық әдеттері (тіс тазалау жиілігі), диета, стоматолог-дәрігеріне бару жиілігі және отбасында стоматологиялық мәселелердің болуы туралы сұрақтарды қамтитын арнайы әзірленген сауалнамаларды толтырды. Статистикалық талдау. Жиналған деректер SPSS 25.0 бағдарламалық жасақтамасының көмегімен өңделді. Стоматологиялық аурулардың таралуы пайызбен есептелді. Стоматологиялық күй мен қауіп факторлары арасындағы байланысты анықтау үшін X^2 критерийлері мен корреляциялық талдау қолданылды. Айырмашылықтардың маңыздылығы $p < 0,05$ деңгейінде бағаланды. Барлық ата-

аналар балалардың зерттеуге қатысуына жазбаша негізінде келісім берді.

Зерттеу сипаттамалық көлденең сипатта болды және бастауыш мектеп жасындағы балалардың стоматологиялық жағдайы мен ауыз қуысының гигиенасына әсер ететін факторларды бағалауға бағытталған. Этикалық аспектілер. Зерттеу Хельсинки декларациясының принциптеріне сәйкес жүргізілді. Барлық ата-аналар баланың

зерттеуге қатысуына ақпараттандырылған келісімге қол қойды, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге келісім берді.


Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Профилактикалық тексеру нәтижесінде 150 бала зерттелінді: іс жүзінде дені сау балалар 4,7%, бұрын сауықтарылынған- 7,3%, емдеуді қажет ететін -88%, оның ішінде 76 -сы (50,7%) ұлдар, 74-і (49,3%) қыздар (сурет.1).



Сурет 1 - Балалардың жынысы мен стоматологиялық жағдайы бойынша таралуы

Балалардың арасында 88% - стоматологиялық аурушандықтың келесі көрсеткіштері анықталды: тісжегі және оның асқынулары 93%; пародонт аурулары 55,1%; тісжегі емес зақымданулар 6,9%;

тіс-жақ ауытқулары 28% және 10,3% жұмсақ тіндердің ауытқуларын құрады (сурет2).



Сурет 2 - Стоматологиялық аурудың құрылымы

Балалардың 93% - тістің тісжегі зақымдануы анықталды, бұл зерттелген балаларда стоматологиялық аурудың өте жоғары деңгейін көрсетеді. Тісжегі үрдістің белсенділігін талдау кезінде Т.Ф. Виноградованың тісжегі үрдістің белсенділік дәрежесі бойынша жіктелуі

қолданылды (өтелген, субкомпенсацияланған және декомпенсацияланған формалар), бұл аурудың даму қарқынын және процестің агрессивтілік дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді (кесте.1). Балалардың 48,1% - қатты тіндердің бұзылуының

орташа қарқынымен және тұрақсыз гигиеналық фонымен сипатталатын тісжегінің субкомпенсацияланған түрі диагнозы қойылды. Бұл форма айқын декомпенсация болмаған кезде процестің белсенді ағымын көрсетеді және ауыз қуысын тазартуға да, гигиеналық дағдылар мен тамақтануды тұрақтандыруға да бағытталған кешенді терапияны қажет етеді. Тісжегінің декомпенсацияланған түрі, онда прогрессияның жоғары қарқыны, көптеген зақымданулар және жиі асқынулардың болуы (ұлпа қабынуы, периодонт қабынуы) балалардың 33,3% — анықталды. Бұл процестің елеусіз қалғанын, үнемі алдын-алудың жоқтығын және баланың жалпы денсаулығының немесе метаболизмінің бұзылуын көрсетеді. Бұл балалардың көпшілігі бұрын ауыз қуысын тазартпаған немесе шағымдар бойынша стоматолог-дәрігеріне анда-санда барған. Балалардың 18,5% - де байқалатын тісжегінің өтелген(компенсированный) түрі аурудың баяулауымен, зақымданған

тістердің шектеулі санымен, ауыз қуысының қанағаттанарлық гигиеналық жағдайымен және әдетте асқынулардың болмауымен сипатталады. Бұл форма негізінен бұрын профилактикалық тексеруден өткен және уақтылы емделген балаларда кездеседі.

Балалардың басым көпшілігінде тісжегінің субкомпенсацияланған және декомпенсацияланған түрлерінің басым болуы (81,4%) мыналарды көрсетеді: тісжегі үрдістің белсенділігінің жоғары деңгейі; қолданыстағы алдын алу шараларының тиімсіздігі; балалардағы гигиенаға мотивацияның әлсіздігі және ата-аналардың бақылауының жеткіліксіздігі. Сонымен қатар, тісжегінің белсенді түрлерінің болуы ауыз қуысының гигиенасы деңгейімен және ата-аналардың сауалнамасының мәліметтерімен байланысты, бұл мінез-құлық факторларының клиникалық көрініспен байланысын көрсетеді.

Кесте 1 - Тісжегімен ауыратын балалардағы тісжегі үрдісінің формаларының таралуы (n = 132)

Тісжегінің түрі	Абс. саны (n)	тісжегімен ауыратын балалар %
Компенсирленген (өтелген)	24	18,5%
Субкомпенсирленген	64	48,1%
Декомпенсирленген	44	33,3%
Барлығы	132	100%

Зерттеу нәтижелері бойынша тісжегінің таралу жиілігі ұлдарда (78,9%) қыздарға (71,6%) қарағанда жоғары болғанымен, жыныстар арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді емес екендігі анықталды ($p > 0,05$).

Пародонт ауруы тексерілгендердің жалпы санындағы балалардың 55,1% - не диагноз қойылды ($n = 150$), бұл 83 жағдайға сәйкес келеді. Бұл балалардың барлығына жеңіл және орташа созылмалы катаральды қызыл иек қабынуы диагнозы қойылды. Қызыл иек қабынуының дамуына ықпал еткен ең

маңызды фактор индекстік бағалау нәтижелерімен расталған ауыз қуысының қанағаттанарлықсыз гигиеналық жағдайы болды. Гигиенаны бағалау үшін Федоров–Володкина индексі қолданылды, ол жоғарғы және төменгі жақтың алдыңғы тістерінің мойын аймағында қақтарды визуалды бағалауға негізделген. Индекс стандартты формула бойынша есептелді және келесі критерийлер бойынша анықталды: (0-1,0 — жақсы гигиена; 1,1–2,0 — қанағаттанарлық; 2,1 және одан жоғары — қанағаттанарлықсыз) (кесте 2).

Кесте 2 - Ауыз қуысының гигиеналық жағдайының нәтижелері

Гигиена деңгейі	Балалар саны (n)	жалпы санның %
Жақсы (0–1,0)	26	17,3%
Қанағаттанарлық (1,1–2,0)	74	49,3%
Қанағаттанарлықсыз ($\geq 2,1$)	50	33,4%

Пародонт аурулары бар балалардың ішінде 76%-ында ауыз қуысы гигиенасының қанағаттанарлық немесе қанағаттанарлықсыз деңгейі анықталды. Балалардың тек 24%-ында ғана гигиеналық жағдай салыстырмалы түрде жақсы болғанымен, оларда созылмалы қабыну белгілері байқалды, тістерді тазалау техникасының дұрыс болмауымен немесе тіс қағының жиналуына ықпал ететін жергілікті факторлардың тістердің тығыз орналасуы, ортодонтиялық ауытқулар) қабыну ауруларының таралуы арасында тікелей байланыстың бар екенін растайды. Ең жиі анықталған патология созылмалы катаральды гингивит болды. Бұл бастауыш мектеп жасындағы балаларға тән жағдай болып табылады және көбіне гигиеналық дағдылардың жеткілікті қалыптаспауымен әрі ата-аналар тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігімен байланысты.

Гигиеналық индексі (индекс $>2,1$ -ден жоғары), яғни ауыз қуысы гигиенасы қанағаттанарлықсыз балаларда гингивиттің клиникалық көрінісі анағұрлым айқын байқалды: қызыл иектің ісінуі мен гиперемиясы, сүңгілеп тексергенде қанағыштығық, жұмсақ және қатты тіс шөгінділерінің болуы анықталды.

Бұл нәтижелер балалар мен ата-аналарды жүйелі түрде гигиеналық оқытудың, сондай-ақ мектептерде профилактикалық бағдарламаларды (дәрістер, ауыз қуысы гигиенасы сабақтары, тістерді тазалау дағдыларын бақылау) енгізудің қажеттілігін көрсетеді.

Тістердің тісжегі емес зақымданулары зерттеуге қатысқан балалардың 6,9%-ында анықталды, бұл 150 баланың 10% жағдайын құрады. Анықталған зақымданулардың барлығы (100%) тұрақты тістерде тіркелді. Тұрақты тістемнің стоматологиялық денсаулықты қалыптастырудағы маңызын ескере отырып, бұл көрсеткіштің клиникалық мәні жоғары деп бағаланды.

Тісжегі емес зақымданулардың ішінде ең жиі кездескені кіреукенің гипоплазиясы

болды. Ол кіреукенің минералдануының бұзылуы, құрылымы мен түсінің өзгеруі түрінде көрініс берді. Жүйелі кіреуке гипоплазиясы балалардың басым бөлігінде (шамамен 3%) анықталып, екі немесе одан да көп тістердің зақымдануымен сипатталды.

Мұндай түрі әдетте тістердің даму кезеңіндегі минералдану үдерістерінің жүйелі бұзылыстарымен байланысты болады және оған баланың ерте жастағы соматикалық аурулары, өмірінің алғашқы жылдарында антибиотиктер сияқты дәрілік препараттарды қабылдауы, ананың жүктілік пен босану кезіндегі патологиялары (гестоз, құрсақшілік гипоксия, жұқпалы аурулар), сондай-ақ тамақтанудың бұзылуы мен дәрумендер мен минералдардың, әсіресе кальций мен D дәруменінің тапшылығы себеп болуы мүмкін.

Кіреукенің жергілікті гипоплазиясы балалардың 1,9%-ында диагностикаланды. Бұл түр бір тұрақты тістің, көбінесе кіші азу тістің (премолярдың), зақымдануымен сипатталды және уақытша тістегі созылмалы инфекция ошағының проекциясы аймағында орналасқан. Барлық жағдайларда (100%) себеп тұрақты тіс ұрығының үстінде анатомиялық орналасқан уақытша тістің созылмалы периодонт қабынуы болды.

Балалардың 2%-ында гипоплазияға ұшыраған тістерде екіншілік тісжегі анықталды. Бұл кіреукенің минералдану деңгейінің төмендеуімен, тіс қағы мен микрофлораның жиналуына ықпал ететін құрылымдық өзгерістермен, сондай-ақ қышқылдарға төзімділігінің төмендеуімен байланысты болды. Кіреуке гипоплазиясы көбінесе эстетикалық ақаулармен (дисхромия, жүлгелер, ойықтар) қатар жүрді, бұл әсіресе бастауыш мектеп жасындағы балаларда психологиялық жайсыздық туындатуы мүмкін.

Таралу жиілігінің салыстырмалы түрде төмен болуына (6,9%) қарамастан, тістердің тісжегі емес зақымданулары, әсіресе кіреукенің жүйелі гипоплазиясы,

клиникалық тұрғыдан маңызды мәселе болып табылады, өйткені олар кіреуенің минералдануына және төзімділігіне әсер етеді, екіншілік тісжегінің дамуына ықпал етуі мүмкін және кешенді тәсілді талап етеді. Мұндай жағдайда динамикалық бақылау, профилактикалық шаралар, реминерализациялаушы ем және қажет болған жағдайда эстетикалық реставрация жүргізу ұсынылады.

Тұрақты тістердің зақымдану үлесінің жоғары болуы (100%) ерте диагностиканың, әсіресе ауыспалы тістем кезеңінде, маңыздылығын көрсетеді. Ал уақытша тістің асқынған периодонт қабынуы салдарынан жергілікті гипоплазияның дамуы уақытша тістерді ауырсыну белгілері болмаған жағдайда да уақтылы емдеудің аса маңызды екенін дәлелдейді.


Тіс-жақ аномалиялары (ТЖА) зерттеуге қатысқан балалардың 28%-ында анықталды, бұл 150 баланың 42-сін құрады. Нәтижелер 4-суретте көрсетілген. Осы жаста тістемнің қалыптасуы мен бет сүйектерінің белсенді өсуін ескере отырып, ТЖА-ның бастапқы белгілерінің өзін анықтау дер кезінде араласуды және тұрақты бақылауды талап етеді.

1. Жеке тістердің орналасуындағы ауытқулар. Патологиялардың бұл тобы балалардың 12%-ында (18 жағдай) тіркелді. Анықталған аномалияларға диастемалар мен тремалар, жекелеген тістердің мезиальді ығысуы, тістердің тіс доғасынан тыс орналасуы, сондай-ақ тістердің пішіні мен көлемінің аномалиялары (мысалы, көлемі кішірейген бүйір күрек тістер, біз тәрізді немесе қысқарған тіс сауыттары) жатты. Бұл өзгерістер көбінесе тістер көлемі мен тіс доғасының ұзындығы

арасындағы сәйкессіздікпен, сондай-ақ көршілес тістердің ретенциясы жағдайында жекелеген тістердің ерте жарып шығуымен байланысты болды. Сонымен қатар, мұндай аномалиялар уақытша тістердің мерзімінен бұрын жоғалуынан туындап, тұрақты тістердің ығысуына әкелуі мүмкін.

2. Тіс доғаларының ауытқулары. Тіс доғаларының аномалиялары балалардың 9%-ында (14 жағдай) анықталды. Негізгі клиникалық көріністеріне тістердің тығыз орналасуы, жоғарғы немесе төменгі жақтың тарылуы, сондай-ақ тіс-альвеолалық доға сегменттерінің ұзаруы немесе қысқаруы жатты. Тістердің тығыз орналасуы көбінесе төменгі жақтың фронтальды аймағында, әсіресе ауыспалы тістемнің белсенді кезеңінде байқалды. Жақ сүйектерінің тарылуы мұрын арқылы тыныс алудың созылмалы бұзылыстары (аденоидтар, риниттер) кезінде ауыз арқылы тыныс алудың басым болуымен байланысты болуы мүмкін.

3. Тістемнің ауытқулары. Тістем аномалиялары 8 балада (5,3%) тіркелді. Тістем түріне қарай терең тістем – 3 жағдайда, дистальді тістем – 3 жағдайда және ашық тістем – 2 жағдайда анықталды. Терең тістем жоғарғы күрек тістердің төменгі күрек тістерді айқын жауып тұруымен сипатталды және кейбір жағдайларда таңдайдың шырышты қабығының жарақаттануымен қатар жүрді. Дистальді тістем көбінесе төменгі жақтың қысқаруымен немесе жоғарғы жақтың шамадан тыс дамуымен үйлесіп кездесті. Ашық тістем, әдетте, зиянды әдеттердің (саусақ немесе тілді сору), сондай-ақ жұтыну қызметінің бұзылыстары мен сөйлеу кемістіктерінің әсерінен қалыптасты.



Сурет 3 - Тіс-жақ ауытқуларының таралуы

Анықталған деректер бастауыш мектеп жасындағы балаларда тіс-жақ аномалияларының жоғары таралуын көрсетеді. Анықталған ауытқулардың көпшілігі ерте ортодонтиялық араласуды немесе бақылауды қажет ететіндігі әсіресе алаңдатады. Сондай — ақ, ТЖА-ның пайда болу себептерінің едәуір бөлігі басқарылатын және алдын алуға болатын факторлар екенін атап өткен жөн, мысалы: уақытша тістердің гигиенасы және сақтау; ЛОР патологиясының алдын алу және емдеу; жаман әдеттерден бас тарту; тамақтану режимін және дұрыс тұлғаны сақтау (оның ішінде ерте жаста). Ата-

аналар мен педиатрларды тістемнің бұзылыстарын ерте диагностикалау және түзету процесіне тарту жасөспірім кезіндегі ауыр ТЖА түрлерінің үлесін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

Ауыз қуысының шырышты қабығының (АКШҚ) және жұмсақ тіндердің ауытқулары зерттелген 150 баланың 22-сінде анықталды, бұл жалпы санның 14,7% құрайды. Бұл патологиялардың қайталануына қарамастан, олар сөйлеу бұзылыстарын, тістемді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, сонымен қатар ауыз қуысының гигиенасы мен тістердің толық шығуын қиындатады (кесте 3).

Кесте 3 - АКШҚ және жұмсақ тіндердің ауытқуларының таралуы

Аномалия түрі	Балалар саны (n)	жалпы санның %
Тілдің жүгеншесі қысқа	7	4,7%
Ауыздың кіре берісі таяз	4	2,7%
Жоғарғы жақ ерін жүгеншесінік төмен бекітілуі	11	7,3%
Барлығы	22	14,7%

Тілдің жүгеншесінің қысқаруы 7 балада (4,7%) анықталды. Клиникалық түрде: тілдің шектеулі қозғалғыштығы; тілдің тандайға немесе ауыздың бұрыштарына жете алмауы; дыбыстың бұрмаланған айтылуы (әсіресе "р", "л" дыбыстары) түрінде көрінді. Кейбір жағдайларда шығу кезінде тілдің асимметриясы байқалды, бұл функционалды керілуді көрсетеді. Бұл аномалия мыналарға әкелуі мүмкін: сөйлеу дамуының кешеуілдеуі; жұтылу қиындықтары; ашық тістем пайда болуы; тамақтану кезінде тіласты аймақтың

созылмалы жарақаты. Осындай көріністері бар балаларға логопед пен жақ-бет хирургымен кеңесу ұсынылады, френулотомия жасалу қажетілі болуы мүмкін.

Ауыз қуысының кіреберісі таяз болуы 4 балада (2,7%), негізінен төменгі фронтальды тістер аймағында байқалады. Бұл жағдай сипатталады: өтпелі қатпардың тереңдігінің жеткіліксіздігі; гигиеналық процедураларды жүргізудегі қиындық; қызыл иек рецессиясы және тістердің мойнының кейінгі жалаңаштану қаупі бар.

Кейбір жағдайларда кішкентай кіреберіс вестибулярлық пластинаның қалыптасуына және төменгі азу тістердің дұрыс орналаспауына әсер етуі мүмкін. Ортодонтиялық және пародонтологиялық көрсеткіштер бойынша 8 жастан асқан балаларда вестибулопластика жүргізу ұсынылады.

Жоғарғы ерін жүгеншенің төмен бекітілуі. Жұмсақ тіндердің арасында жиі кездесетін аномалия-11 балада анықталды (7,3%). Клиникалық белгілері: жүгенше аралық тігіске жақын бекітіледі; көбінесе орталық азу тістер арасындағы диастемамен бірге жүреді; тістерді тазалаудың қиындауы, жоғарғы азу тістер аймағында қызыл йек қабынуы қаупінің жоғарылауы. Диастеманың тартылу дәрежесі мен ауырлығына байланысты балаларда мыналар көрсетіледі: динамикадағы бақылау; кейбір жағдайларда — ортодонтиялық ем кезінде тұрақты азу тістер шыққанан кейін френулотомия

1. Стоматолог-дәрігеріне бару жиілігі

Келу жиілігі	Ата-аналар саны (n)	%
Тұрақты (жылына 1-2 рет, профилактикалық)	53	35,3%
Шағымдар болған жағдайда ғана	81	54,0%
1 жылдан астам уақыт бойы жүгінбеді	16	10,7%

Қорытынды: ата-аналардың көпшілігі балада шағымдар болған жағдайда ғана стоматолог-дәрігеріне жүгінеді, бұл алдын-

немесе френулэктомия; тістердің жабылу бұзылыстары болған кезде.

Мұндай аномалияларды уақтылы анықтау және түзету екіншілік патологиялардың дамуының алдын алуға, сондай-ақ ауыз қуысының функционалдық және эстетикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Оқушыларды профилактикалық тексеру аясында балалардың стоматологиялық денсаулығына әсер ететін мінез-құлықтық және әлеуметтік-гигиеналық факторларды анықтау мақсатында ата-аналар (заңды өкілдер) арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Сауалнамада баланың ауыз қуысы гигиенасына қатысты дағдылары, тіс дәрігеріне қаралу жиілігі, ата-аналардың стоматологиялық сауаттылық деңгейі, сондай-ақ ауыз қуысы тарапынан шағымдардың және стоматологиялық аурулардың болуы туралы сұрақтар қамтылды.

алу мен ерте диагностиканың тиімділігін айтарлықтай төмендетеді.

2. Балада ауыз қуысының жағдайына шағымдардың болуы

Ата-аналар белгілеген шағымдар	барлық сауалнамаға қатысқандардың %
Тістерді тазалау кезінде қызыл иектен қанауы	31,3%
Ауыздан шығатын жағымсыз иіс	24,7%
Тістің ауыруы немесе сезімталдығы	18,0%

Ата-аналардың шағымдары клиникалық тексеру нәтижелерімен өзара сәйкестік көрсетті: қызыл иектің қанағыштығы гингивиттің болуымен байланысты болса,

ауыздан жағымсыз иістің шығуы ауыз қуысы гигиенасының қанағаттанарлықсыз деңгейімен және тісжегінің болуымен байланысты болды.

3. Баланың гигиеналық әдеттері

Параметр	жауаптар%
Бала күніне 2 рет тістерін тазалайды	61,3%
Тек таңертең тазалайды	28,7%
Тістерін тұрақты тазаламайды / еске салғаннан кейін ғана тазалайды	10,0%
Ата-аналар тістерді тазалауды қадағалайды	34,0%

Балалардың үштен бір бөлігінде ғана гигиеналық күтімді ересектер бақылайды,

бұл тазалау техникасы әлі қалыптаспаған кезде 6-10 жас аралығында маңызды.

4. Тісжегінің алдын алу туралы ата-аналардың хабардарлығы

Сұрақ	оң жауаптар%
Тістерді фторлау немесе реминерализациялау қажеттілігі туралы білесіз бе?	36,7%
Бала құрамында фторы бар тіс пастасын қолдана ма?	51,3%
Бала стоматологта кәсіби ауыз қуысы гигиенасын жүргізуден өтті ме?	24,0%
Балаға профилактикалық жабындар (герметиктер) қолданылды ма?	17,3%

Ата-аналардың стоматологиялық сауаттылық деңгейі, әсіресе қайталама

профилактика мәселелері бойынша жеткіліксіз болып қалады.

5. Жаман әдеттер туралы хабардар болу

Әдеттер (%)	балада байқалады (%)
Саусақты / заттарды сору	12,7%
Ерін / ұрт тістеу әдеті	9,3%
Ауызбен тыныс алу	17,3%
Тістерді қайрау (бруксизм)	6,0%

Балалардың төрттен бірінде жаман әдеттер анықталды, бұл тіс-жақ аномалиялары туралы мәліметтермен сәйкес келеді және пәнаралық тәсілді қажет етеді (соның ішінде ЛОР дәрігерлері мен логопедтер).

Сауалнама балалардағы стоматологиялық сырқаттанушылықтың жоғары деңгейімен тікелей байланысты бірқатар әлеуметтік-гигиеналық факторларды анықтауға мүмкіндік берді: профилактикалық сапарларға мотивацияның төмендігі; жас балалардың гигиенасын бақылаудың жеткіліксіздігі; ата-аналардың алдын алудың заманауи әдістері туралы білімінің шектелуі (герметизация, фторлау, гигиеналық тазалау); ата-аналар елемейтін жаман әдеттердің болуы; стоматологиялық көмекке уақтылы жүгінбеу.

Нәтижелер ата-аналармен ағартушылық жұмыс, мектептегі профилактикалық бағдарламаларды енгізу және тәуекел тобындағы балаларды диспансерлік бақылау қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды. Осы зерттеу Алматы қаласындағы жекеменшік мектепте білім алатын 6–10 жас аралығындағы балалардың стоматологиялық денсаулық жағдайын кешенді түрде сипаттап, профилактикалық

іс-шараларды жүргізудегі елеулі қауіп факторлары мен олқылықтарды анықтады. Зерттеу нәтижелері стоматологиялық аурулардың алдын алуға бағытталған профилактикалық және ағартушылық бағдарламаларды одан әрі жетілдіру үшін негіз бола алады. Балалардың 93% - тісжегі анықталды, оның ішінде субкомпенсацияланған түрі (48,1%) басым болды, ал декомпенсацияланған және компенсирленген нұсқалар сәйкесінше 33,3% және 18,5% құрады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының және басқа зерттеулердің мәліметтері бойынша, тісжегі балалардағы ең көп таралған созылмалы ауру болып қала береді-көптеген елдерде, әсіресе дамушы аймақтарда балалардың айтарлықтай санына әсер етеді. [13].

Қызыл йек қабынуы (созылмалы катаральды түрінде) балалардың 55,1% - анықталғаны байқалады. Гигиенасы қанағаттанарлықсыз балалардың үлесі 33,4% құрады. Әдебиеттерде гигиена сапасы мен қызыл йек қабынуының таралуы арасындағы тікелей байланыс көрсетілген: гигиенасы нашар балаларда қызыл иектің қанағыштығы қауіпі 6-25 есе жоғары [14]. Сонымен қатар, қабынудың айтарлықтай

өсуі бляшка мен тістердің тығыз орналасуы байқалады. Кіреукенің тісжегі емес зақымдануы (6,9%) негізінен тұрақты тістерде, жүйелі гипоплазия басым болды. Әдебиеттерде кіреуке гипоплазиясы тістердің төзімділігін төмендететіні және қолайсыз факторларға (мысалы, тамақтану бұзылыстары, инфекциялар, жүктілік кезіндегі дәрі-дәрмектер) ұшыраған кезде тіс жегісінің даму қаупін арттыратыны расталады.[13].

ТЖА балалардың 28% - де кездеседі; оларға тістердің орналасуында, тіс доғаларында және тістем ауытқулар кірді. Сүт тістердің ерте жұлынуы, жаман әдеттер және ЛОР аурулары ұқсас бұзылулардың дамуының маңызды факторлары болып табылады, бұл тыныс алу патологиясы мен ашық тістеудің пайда болуы немесе жақтың тарылуы арасындағы байланысты көрсететін көптеген зерттеулермен расталады [15]. Балалардың 14,7% - шырышты қабаттың аномалиялар анықталды (тілдің жүгеншесінің қысқаруы, жоғарғы еріннің жүгеншесінің төмен бекітілуі, ауыз қуысының кіреберісінің таяз болуы), олар сөйлеуге, тістемге және гигиенаға әсер етуі мүмкін. Әдебиеттер дисфункциялар мен эстетикалық бұзылулардың күрделі түрлерінің алдын

алу үшін осындай патологияларға ерте араласу қажеттілігін көрсетеді.

Ата-аналардың сауалнамасы көрсеткендей, тек 35,3% - баланы үнемі тіс дәрігеріне апарады, ал 34% - тіс гигиенасын бақылайды. Осыған ұқсас тенденциялар — тек шағымдары болған кезде ғана бару, гигиеналық құралдарды шектеулі пайдалану — басқа елдерде де тіркеледі. [15].

Алматы қаласындағы жекеменшік мектеп оқушыларына жүргізілген стоматологиялық тексеру әлеуметтік-экономикалық жағдайының салыстырмалы түрде қолайлы болуына қарамастан, стоматологиялық аурулардың таралу деңгейінің жоғары екенін көрсетті. Алынған нәтижелер мектеп жағдайында жүргізілетін профилактикалық іс-шаралардың жеткіліксіз екенін және оларды қайта қарастыру қажеттігін растайды. Заманауи профилактикалық тәсілдер санитариялық-ағарту бағдарламаларын, тұрақты мониторингті, пәнаралық өзара іс-қимылды және ата-аналардың белсенді қатысуын қамтуы тиіс. Бұл балалардың стоматологиялық денсаулығын едәуір жақсартуға және болашақта денсаулық сақтау жүйесіне түсетін жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 World Health Organization. Global Oral Health Status Report: Towards Universal Health Coverage for Oral Health by 2030. Geneva: World Health Organization; 2022.
- 2 World Health Organization. Oral Health Fact Sheet. Geneva: World Health Organization; 2022.
- 3 Peres MA, Macpherson LMD, Weyant RJ, Daly B, Venturelli R, Mathur MR, et al. Oral diseases: a global public health challenge. Lancet. 2019;394(10194):249-260.
- 4 Kassebaum NJ, Smith AGC, Bernabé E, Fleming TD, Reynolds AE, Vos T, et al. Global burden of untreated caries. J Dent Res. 2017;96(4):380-387.
- 5 Pitts NB, Zero DT, Marsh PD, Ekstrand K, Weintraub JA, Ramos-Gomez F, et al. Dental caries. Nat Rev Dis Primers. 2017;3:17030.
- 6 Watt RG, Daly B, Allison P, Macpherson LMD, Venturelli R, Listl S, et al. Ending the neglect of global oral health. Lancet. 2019;394(10194):261-272.
- 7 Marinho VCC, Worthington HV, Walsh T, Chong LY. Fluoride toothpastes for preventing dental caries in children and adolescents. Cochrane Database Syst Rev. 2016;(7):CD002278.
- 8 Sheiham A, Watt RG. The common risk factor approach. Community Dent Oral Epidemiol. 2015;43(4):289-296.
- 9 Каркимбаева ГА, Рысбаева ЖИ, Досбердиева ГТ. Балалар мен жасөспірімдерде стоматологиялық денсаулықты және ICDAS индексін пайдалану критерийлерін бағалау. Фармация Казахстана. 2022;(4):52-58.
- 10 Yerlibayeva ZhU, Abdukulikova DB, Yermukhanova GT, et al. Modern technology integration in determination of oral hygiene condition in children. Фармация Казахстана. 2023;[volume and issue unknown]:[pages unknown].
- 11 Маслак ЕЕ, Онищенко ЛФ, Соболева СЮ, и др. Клинико-экономический анализ программ профилактики кариеса методом математического моделирования. Стоматология детского возраста и профилактика. 2020;20(3):205-209.

- 12 Jain N, Dutt U, Radenkov I, et al. WHO's Global Oral Health Status Report 2022: Actions, discussion and implementation. *Oral Dis.* 2024;30(2):73-79.
- 13 Laudenbach JM, Simon Z. Common dental and periodontal diseases: evaluation and management. *Med Clin North Am.* 2014;98(6):1239-1260. doi:10.1016/j.mcna.2014.08.002.
- 14 Kamińska TP, Walkowiak NT, Lewicka MB. The relationship between oral hygiene level and gingivitis in children. *Adv Clin Exp Med.* 2018;27(10):1397-1401. doi:10.17219/acem/70417.
- 15 AlGhamdi AS, Almarghani AA, Alyafi RA. Gingival health and oral hygiene practices among high school children in Saudi Arabia. *Ann Saudi Med.* 2020;40(2):126-135. doi:10.5144/0256-4947.2020.126.

REFERENCES

- 1 World Health Organization. Global Oral Health Status Report: Towards Universal Health Coverage for Oral Health by 2030. Geneva: World Health Organization; 2022.
- 2 World Health Organization. Oral Health Fact Sheet. Geneva: World Health Organization; 2022.
- 3 Peres MA, Macpherson LMD, Weyant RJ, Daly B, Venturelli R, Mathur MR, et al. Oral diseases: a global public health challenge. *Lancet.* 2019;394(10194):249-260.
- 4 Kassebaum NJ, Smith AGC, Bernabé E, Fleming TD, Reynolds AE, Vos T, et al. Global burden of untreated caries. *J Dent Res.* 2017;96(4):380-387.
- 5 Pitts NB, Zero DT, Marsh PD, Ekstrand K, Weintraub JA, Ramos-Gomez F, et al. Dental caries. *Nat Rev Dis Primers.* 2017;3:17030.
- 6 Watt RG, Daly B, Allison P, Macpherson LMD, Venturelli R, Listl S, et al. Ending the neglect of global oral health. *Lancet.* 2019;394(10194):261-272.
- 7 Marinho VCC, Worthington HV, Walsh T, Chong LY. Fluoride toothpastes for preventing dental caries in children and adolescents. *Cochrane Database Syst Rev.* 2016;(7):CD002278.
- 8 Sheiham A, Watt RG. The common risk factor approach. *Community Dent Oral Epidemiol.* 2015;43(4):289-296.
- 9 Каркимбаева ГА, Рысбаева ЖИ, Досбердиева ГТ. Балалар мен жасөспірімдерде стоматологиялық денсаулық және ICDAS индексі пайдалану критерийлерін бағалау. *Фармация Қазақстана.* 2022;(4):52-58.
- 10 Yerikbayeva ZhU, Abdulkalikova DB, Yermukhanova GT, et al. Modern technology integration in determination of oral hygiene condition in children. *Фармация Қазақстана.* 2023;[volume and issue unknown]:[pages unknown].
- 11 Маслак ЕЕ, Онищенко ЛФ, Соболева СЮ, и др. Клинико-экономический анализ программ профилактики кариеса методом математического моделирования. *Стоматология детского возраста и профилактика.* 2020;20(3):205-209.
- 12 Jain N, Dutt U, Radenkov I, et al. WHO's Global Oral Health Status Report 2022: Actions, discussion and implementation. *Oral Dis.* 2024;30(2):73-79.
- 13 Laudenbach JM, Simon Z. Common dental and periodontal diseases: evaluation and management. *Med Clin North Am.* 2014;98(6):1239-1260. doi:10.1016/j.mcna.2014.08.002.
- 14 Kamińska TP, Walkowiak NT, Lewicka MB. The relationship between oral hygiene level and gingivitis in children. *Adv Clin Exp Med.* 2018;27(10):1397-1401. doi:10.17219/acem/70417.
- 15 AlGhamdi AS, Almarghani AA, Alyafi RA. Gingival health and oral hygiene practices among high school children in Saudi Arabia. *Ann Saudi Med.* 2020;40(2):126-135. doi:10.5144/0256-4947.2020.126.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Каркимбаева Гүлшакхар Әбдікапбарқызы – медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: gulshakhar_1980@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2682-7001>

Рысбаева Жанагүл Ибраевна – медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: rysbaeva_888@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5542-0684>

Қазмағамбетова Алмагүл Қыдырбекқызы – медицина ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: kazmagambetova.a@kaznmu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-2859-5128>

Әбдікәрімов Серікқали Жолдасбайұлы – медицина ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: serikkali@list.ru

Жумабаева Құралай Жұмабайқызы – медицина ғылымдарының кандидаты, Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: kuralay_huan@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Омарова Бахыт Аймырзақызы – медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: bakhytomarova08@gmail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-3068-4594>

Хат-хабарларға жауапты автор:

Каркимбаева Гүлшахар Әбдікапбарқызы

E-mail: gulshakhar_1980@mail.ru

Мүдделер қақтығысы. Авторлар осы мақалаға қатысты ашып көрсетуді талап ететін ықтимал мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлардың үлесі. Каркимбаева Г.А. – зерттеу тұжырымдамасы, әдіснаманы әзірлеу, ғылыми жетекшілік, қолжазбаның бастапқы нұсқасын дайындау және редакциялау; Рысбаева Ж.И. – зерттеу дизайнын әзірлеуге қатысу, деректерді талдау және интерпретациялау, қолжазбаны сыни тұрғыдан қайта қарау; Қазмағамбетова А.Қ. – материалдарды жинау және жүйелеу, әдеби деректерді талдау, нәтижелерді өңдеуге қатысу; Әбдікәрімов С.Ж. – деректерді талдау, әдістемелік сүйемелдеу, мақаланың мазмұнын ғылыми тұрғыдан толықтыру; Жумабаева Қ.Ж. – деректерді өңдеу, әдеби шолуды дайындау, қолжазбаны редакциялау; Омарова Б.А. – нәтижелерді интерпретациялау, мақаланың ғылыми мазмұнын сараптау және қорытынды нұсқасын редакциялау. Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапкершілікті қабылдайды.

Жарияланым этикасы туралы мәлімдеме. Авторлар бұл материалдың бұрын жарияланбағанын және басқа басылымдарда қарастырылып жатпағанын мәлімдейді.

Қаржыландыру. Авторлар зерттеу жүргізу, қолжазбаны дайындау және/немесе мақаланы жариялау үшін қаржылық қолдау алмағанын мәлімдейді.

Сведения об авторах:

Каркимбаева Гүлшахар Абдикапбаровна – кандидат медицинских наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

E-mail: gulshakhar_1980@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2682-7001>

Рысбаева Жанаргул Ибраевна – кандидат медицинских наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

E-mail: rysbaeva_888@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5542-0684>

Казмағамбетова Алмагуль Кыдырбековна – кандидат медицинских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

E-mail: kazmagambetova.a@kaznmu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-2859-5128>

Абдикаримов Сериккали Жолдасбаевич – кандидат медицинских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

E-mail: serikkali@list.ru

Жумабаева Куралай Жумабаевна – кандидат медицинских наук, Казахстанско-Российский медицинский университет, Алматы, Казахстан.

E-mail: kuralay_huan@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Омарова Бахыт Аймырзаевна – кандидат медицинских наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан.

E-mail: bakhytomarova08@gmail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-3068-4594>

Автор для корреспонденции:

Каркимбаева Гүлшахар Абдикапбаровна

E-mail: gulshakhar_1980@mail.ru

Конфликт интересов. Авторы заявляют об отсутствии потенциального конфликта интересов, требующего раскрытия в данной статье.

Вклад авторов. Каркимбаева Г.А. – концепция исследования, разработка методологии, научное руководство, подготовка первоначального варианта рукописи и редактирование текста; Рысбаева Ж.И. – участие в разработке дизайна исследования, анализ и интерпретация данных, критический пересмотр рукописи; Казмағамбетова А.К. – сбор и систематизация материалов, анализ литературных данных, участие в обработке результатов; Абдикаримов С.Ж. – анализ данных, методическое сопровождение, научное дополнение содержания статьи; Жумабаева К.Ж. – обработка данных, подготовка литературного обзора, редактирование

рукописи; Омарова Б.А. – интерпретация результатов, экспертная оценка научного содержания статьи и редактирование финальной версии. Все авторы прочитали и одобрили окончательную версию рукописи и несут ответственность за все аспекты выполненной работы.

Заявление о публикационной этике. Авторы заявляют, что данный материал ранее не публиковался и не находится на рассмотрении в других изданиях.

Финансирование. Авторы заявляют, что не получали финансовой поддержки для проведения исследования, подготовки рукописи и/или публикации данной статьи.

Information about the authors:

Gulshakhar A. Karkimbayeva – Candidate of Medical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: gulshakhar_1980@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2682-7001>

Zhanagul I. Rysbayeva – Candidate of Medical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: rysbaeva_888@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5542-0684>

Almagul K. Kazmagambetova – Candidate of Medical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: kazmagambetova.a@kaznmu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-2859-5128>

Serikkali Zh. Abdikarimov – Candidate of Medical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: serikkali@list.ru

Kuralai Zh. Zhumabayeva – Candidate of Medical Sciences, Kazakh-Russian Medical University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: kuralay_huan@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Bakhyt A. Omarova – Candidate of Medical Sciences, Associate Professor, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: bakhytomarova08@gmail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-3068-4594>

Corresponding author:

Gulshakhar A. Karkimbayeva

E-mail: gulshakhar_1980@mail.ru

Conflict of Interest. The authors declare that they have no potential conflict of interest requiring disclosure in relation to this article.

Author Contributions. G.A. Karkimbayeva – study concept, methodology development, scientific supervision, preparation of the original draft and manuscript editing; Zh.I. Rysbayeva – contribution to study design, data analysis and interpretation, critical revision of the manuscript; A.K. Kazmagambetova – collection and systematization of materials, literature analysis, participation in data processing; S.Zh. Abdikarimov – data analysis, methodological support, scientific revision of the article content; K.Zh. Zhumabayeva – data processing, preparation of the literature review, manuscript editing; B.A. Omarova – interpretation of results, expert assessment of the scientific content and editing of the final version. All authors have read and approved the final version of the manuscript and agree to be accountable for all aspects of the work.

Publication Ethics Statement. The authors declare that this material has not been previously published and is not under consideration by any other journal.

Funding. The authors declare that they received no financial support for the research, authorship and/or publication of this article.

Алынды: 2026 жылғы 13 маусым

Қабылданды: 2026 жылғы 20 маусым

Онлайн жарияланды: 2026 жылғы 30 маусым

ӨОЖ: 616.31-036.22-053.5

DOI: [10.70113/1815-9443.2026.36.28.006](https://doi.org/10.70113/1815-9443.2026.36.28.006)

УАҚЫТША ТІСТЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ: САУЫТТАР МЕН БАЛАМАЛЫ ӘДІСТЕР

Каркимбаева Г.А.¹, Рысбаева Ж.И.¹, Жумабаева К.Ж.²

Қазмағамбетова А.Қ.¹, Ансарова С.Ш.³,

Ашел Е.Н.¹, Каржаубаева М.М.²

¹НАҚ «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»

²Қазақстан-Ресей Медициналық университеті

³Стоматологиялық клиника «Kids smile»

Қазақстан, Алматы

Кіріспе. Уақытша тістерінің ауқымды дәрежеде бұзылуын қалпына келтіру мәселесі балалар стоматологиясының өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі заманауи реставрациялық технологиялар ем нәтижелерінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын, функционалдық тиімділігін және жоғары эстетикалық көрсеткіштерін қамтамасыз етуі қажет. Осыған байланысты уақытша тістерін қалпына келтірудің әртүрлі әдістерінің клиникалық тиімділігін салыстырмалы бағалау ғылыми және практикалық тұрғыдан ерекше маңызға ие.

Зерттеудің мақсаты. 2,5–6 жас аралығындағы балалардың уақытша тістерін қалпына келтіру барысында қолданылатын жасанды сауыттар мен тікелей композиттік реставрациялардың клиникалық тиімділігін салыстырмалы түрде бағалау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеуге 98 бала қатысты. Қатысушылар үш топқа бөлінді: негізгі топта-тістер цирконий сауыттарымен қалпына келтірілді; бақылау тобында- NuSmile металл сауыттары қолданылды; салыстыру тобында- Filtek Z250 композиттік материалы арқылы тікелей реставрациялар жүргізілді. Клиникалық нәтижелер 1, 3, 6 және 12 айдан кейін бағаланды. Бағалау критерийлері ретінде реставрациялардың сақталуы, қоршаған тіндердің жағдайы, ауыз қуысы гигиенасының көрсеткіштері және эстетикалық қанағаттану деңгейі қарастырылды.

Нәтижелер мен талқылау. Бақылау нәтижелері бойынша цирконий сауыттары барлық негізгі параметрлер бойынша үздік көрсеткіштерді көрсетті: жоғары беріктік пен сақталуы, перифериялық тіндердің қабыну белгілерінің минималды болуы, жақсы гигиеналық көрсеткіштер және науқастар мен олардың ата-аналары тарапынан эстетикалық қабылдаудың жоғары деңгейі. Металл сауыттар қанағаттанарлық функционалдық нәтижелер көрсетті, бірақ эстетикалық тұрғыдан төмен болды. Композиттік реставрациялар ең төменгі беріктікке ие болып, асқинулар жиілігі жоғары болды.

Қорытынды. Алынған деректер цирконий сауыттарының жоғары клиникалық тиімділігі мен эстетикалық тартымдылығын растайды, бұл оларды педиатриялық стоматология тәжірибесінде кеңінен қолдануға таңдау жасайды.

Түйінді сөздер: балалар стоматологиясы, цирконий сауыттары, NuSmile, Filtek, бекітілген протездеу, сүт тістері, тісжегі, реставрация.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ВОССТАНАВЛЕНИЮ ВРЕМЕННЫХ ЗУБОВ: КОРОНКИ И АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ МЕТОДЫ

Г.А. Каркимбаева¹, Ж.И. Рысбаева¹, К.Ж. Жумабаева²

А.Қ. Қазмағамбетова¹, С.Ш. Ансарова³,

Е.Н.Ашел¹, М.М.Каржаубаева²

¹НАО «Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби»,

²Казахстанско-Российский Медицинский университет

³Стоматологическая клиника «Kids smile»

Казахстан, Алматы

Введение. Восстановление временных зубов с обширным разрушением остается актуальной задачей детской стоматологии. Современные методы реставрации должны обеспечивать долговечность, функциональную

эффективность и эстетичность лечения. В связи с этим сравнительная клиническая оценка различных подходов к восстановлению временных зубов представляет значительный научный и практический интерес.

Цель исследования - провести сравнительную клиническую оценку эффективности коронок и прямых композитных реставраций при восстановлении временных зубов у детей 2,5 - 6 лет.

Материалы и методы исследования. В исследование были включены 98 детей, распределённые на три группы: основная группа - восстановление зубов с помощью циркониевых коронок, контрольная группа - применение металлических коронок NuSmile, группа сравнения - реставрации композитным материалом Filtek Z250. Оценка клинических исходов проводилась на сроках 1, 3, 6 и 12 месяцев по критериям сохранности реставраций, состояния окружающих тканей, гигиенических показателей и эстетической удовлетворенности.

Результаты и их обсуждение. По результатам наблюдений циркониевые коронки продемонстрировали наилучшие показатели по всем ключевым параметрам: высокая прочность и сохранность, минимальные признаки воспаления периферических тканей, хорошие гигиенические характеристики и высокий уровень эстетического восприятия со стороны пациентов и их родителей. Металлические коронки показали удовлетворительные функциональные результаты, но уступали в эстетике. Композитные реставрации продемонстрировали наименьшую долговечность и большую частоту осложнений.

Заключение. Полученные данные подтверждают высокую клиническую эффективность и эстетическую привлекательность циркониевых коронок, что делает их целесообразным выбором для широкого применения в практике педиатрической стоматологии.

Ключевые слова: детская стоматология, циркониевые коронки, NuSmile, Filtek, несъемное протезирование, молочные зубы, кариес, реставрация.

MODERN APPROACHES TO RESTORING DECIDUOUS TEETH: CROWNS AND ALTERNATIVE METHODS

Karkimbayeva G.A.¹, Rysbayeva Zh.I.¹, Zhumabayeva K.Zh.²,
Kazmagambetova A.K.¹, Ansarova S.Sh.³,
Ashel Y.N.¹, Karzhaubaeva M.M.²

¹Al-Farabi Kazakh National University

²Kazakh-Russian Medical University

³Dental clinic "Kids smile"

Kazakhstan, Almaty

Introduction. Restoring primary teeth with extensive decay remains a pressing issue in pediatric dentistry. Modern restoration methods must ensure durability, functional effectiveness, and aesthetic appeal. Therefore, a comparative clinical evaluation of various approaches to restoring primary teeth is of significant scientific and practical interest.

The aim of the study was to conduct a comparative clinical evaluation of the effectiveness of crowns and direct composite restorations in the restoration of primary teeth in children aged 2.5–6 years.

Study materials and methods. The study included 98 children divided into three groups: the study group—tooth restoration with zirconium crowns; the control group—using NuSmile metal crowns; and the comparison group—restorations with Filtek Z250 composite material. Evaluation of clinical outcomes was carried out at periods of 1, 3, 6 and 12 months according to the criteria of preservation of restorations, condition of surrounding tissues, hygienic indicators and aesthetic satisfaction.

Results and discussion. According to the observations, zirconium crowns demonstrated the best performance across all key parameters: high strength and durability, minimal signs of peripheral tissue inflammation, good hygienic properties, and a high level of aesthetic perception by patients and their parents. Metal crowns demonstrated satisfactory functional results but were inferior in aesthetics. Composite restorations demonstrated the least durability and a higher complication rate.

Conclusion. The obtained data confirm the high clinical efficacy and aesthetic appeal of zirconium crowns, making them a suitable choice for widespread use in pediatric dentistry.

Key words: pediatric dentistry, zirconium crowns, NuSmile, Filtek, fixed prosthetics, baby teeth, caries, restoration.

Кіріспе. Сүт тістерінің тіс жегісі балалар жасындағы ең кең таралған стоматологиялық аурулардың бірі болып табылады және олардың мерзімінен бұрын бұзылып, жоғалуына әкелетін негізгі

себептердің қатарына жатады. Алдын алу бағдарламаларының дамуына және емдеудің заманауи әдістерінің енгізілуіне қарамастан, ерте жастағы балалар арасында тіс жегінің таралу деңгейі әлі де жоғары

болып отыр. Бұл мәселенің медициналық және әлеуметтік маңыздылығын арттыра түседі.

Халықаралық зерттеулердің мәліметтері бойынша, уақытша тістердің тісжегісі балалардағы ең жиі кездесетін созылмалы аурулардың бірі саналады және ол тек ауыз қуысының жағдайына ғана емес, баланың жалпы денсаулығына да әсер етеді. Аурудың кең таралуы, ерте басталуы және тіс жегі үрдістің жылдам дамуы дер кезінде әрі тиімді қалпына келтіру емін жүргізуді қажет етеді.

Уақытша тістер баланың тіс-жақ жүйесінің дамуы мен қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Олар тағамды толыққанды шайнауды қамтамасыз етеді, дұрыс сөйлеу дағдыларының қалыптасуына қатысады, бет сүйектерінің дамуына ықпал етеді және тұрақты тістердің жарып шығуына қажетті орынды сақтайды. Уақытша тістердің бүгіндігінің бұзылуы, әсіресе олардың мерзімінен бұрын жоғалуы, тіс-жақ аномалияларының дамуына, тістемнің бұзылуына, тіс қатарларының ығысуына, функционалдық бұзылыстар мен эстетикалық кемшіліктердің пайда болуына әкелуі мүмкін.

Бұл мәселе әсіресе 2,5–6 жас аралығындағы балаларда ерекше клиникалық маңызға ие. Себебі осы кезеңде тіс жегі үрдісі жоғары белсенділікпен, көптеген зақымданулармен және тістің қатты тіндерінің тез бұзылуымен сипатталады. Бұл жаста сонымен қатар сүт тістерінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері байқалады: кіреуке мен дентин қабатының жұқалығы, ұлпа қуысының кең болуы және қатты тіндердің өткізгіштігінің жоғары болуы, тіс жегінің жылдам өршуіне және асқынулардың дамуына ықпал етеді. Емдеуді қиындататын, қосымша факторларға, баланың дәрігермен толық ынтымақтаса алмауы, мазасыздықтың жоғары болуы және қабылдау уақытының шектеулілігі жатады. Мұндай жағдайларда бұзылған тістерді қалпына келтірудің сенімді, жылдам әрі ұзақ мерзімді нәтижелер беретін әдістерін таңдауды қажет етеді.

Уақытша тістердің сауыт бөлігі айтарлықтай бұзылған кезде тікелей реставрациялаудың дәстүрлі әдістері әрдайым жеткілікті ұзақ мерзімділік пен клиникалық сенімділікті қамтамасыз ете бермейді. Бұл уақытша тістердің тіндеріне адгезия ерекшеліктерімен, композиттік материалдардың полимеризациялық шөгуімен және ылғалдылықты толық бақылау қиын болған жағдайда шеттік жанасудың мінсіз болмауымен байланысты. Сонымен қатар, қатты тіндердің ауқымды ақаулары кезінде екіншілік тісжегісі, микросаңылаулардың пайда болуы, реставрациялардың сынуы немесе мерзімінен бұрын түсіп қалу қаупі артады. Қайта емдеу шаралары ем сапасын төмендетіп қана қоймай, балаға түсетін психологиялық жүктемені күшейтіп, тістің жоғалу қаупін арттырады.

Осыған байланысты қазіргі балалар стоматологиясында уақытша тістерін толық жабатын сауыттарды қолдану кеңінен таралуда. Мұндай конструкциялар тістің анатомиялық пішінін қалпына келтіруге, тіс жегі қуысын герметикалық жабуға және шайнау жүктемесін біркелкі таратуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде емнің ұзақ мерзімділігі айтарлықтай жоғарылайды.

Металл (тот баспайтын болаттан жасалған) сауыттар уақытша азу тістерін қалпына келтіруде клиникалық тұрғыдан ең жақсы зерттелген және тиімділігі дәлелденген әдісі болып саналады. Олар жоғары беріктікпен, шайнау жүктемесіне төзімділігімен және ұзақ қызмет ету мерзімімен ерекшеленеді. Зерттеулердің нәтижелері бойынша, болат сауыттарды қолдану қайталамалы тісжегісін және қайта емдеу қажеттілігінің қаупін едәуір төмендетеді.

Алайда соңғы жылдары ата-аналар мен науқастардың эстетикалық талаптарының артуына байланысты қалпына келтірудің балама әдістері, соның ішінде цирконий сауыттары кеңінен қолданыла бастады. Бұл конструкциялар жоғары биосәйкестілікпен, түсінің өзгеруіне төзімділігімен және жақсы эстетикалық қасиеттерімен ерекшеленеді, әсіресе алдыңғы топтағы уақытша тістерін қалпына келтіруде өзекті болып табылады.

Артықшылықтарына қарамастан, цирконий сауыттарының бірқатар клиникалық ерекшеліктері бар, оларды орнату үшін тістің қатты тіндерін көбірек егеу қажет, сауыттың дәл орналасуы мен адгезивтік хаттамаға қойылатын талаптардың жоғарлығы. Бұл факторлар олардың күнделікті клиникалық тәжірибеде кеңінен қолданылуын белгілі бір деңгейде шектеуі мүмкін.

Сонымен қатар, тікелей композиттік реставрациялар да минималды инвазиялық емдеу әдісі ретінде кеңінен қолданылып келеді. Олардың артықшылықтарына тістің қатты тіндерін барынша сақтау, бір қабылдауда қалпына келтіру мүмкіндігі және жақсы эстетикалық нәтиже жатады. Дегенмен, тістің айтарлықтай бұзылуы кезінде олардың клиникалық тиімділігі төмендейді, бұл шайнау жүктемесіне төзімділіктің шектеуімен және шеттік жанасудың бұзылу қаупімен байланысты.

Осылайша, ерте жастағы балалардың уақытша тістерін қалпына келтіру әдісін таңдау күрделі клиникалық мәселе болып табылады: тістің бұзылу дәрежесі, баланың жасы, ауыз қуысы гигиенасының деңгейі, эстетикалық талаптар және реставрацияның ұзақ мерзімді болжамы сияқты, көптеген факторларды ескеру қажет.

Қазақстанда да, әлемнің көптеген елдеріндегі сияқты, балалардың стоматологиялық денсаулығы маңызды медициналық-әлеуметтік мәселе болып қалады. Балалардағы тісжегінің кеңінен таралуы емдік-профилактикалық шараларды жетілдіруді және уақытша тістерін қалпына келтірудің заманауи, клиникалық тұрғыдан негізделген әдістерін енгізуді талап етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ерте жастағы балалардың уақытша тістерін қалпына келтірудің әртүрлі әдістерінің — металл және цирконий сауыттарының, сондай-ақ тікелей композиттік реставрациялардың тиімділігін салыстырмалы бағалау қазіргі балалар стоматологиясындағы өзекті ғылыми және практикалық міндеттердің бірі болып табылады. Алынған нәтижелер клиникалық

тактиканы оңтайландыруға және балаларға көрсетілетін стоматологиялық көмектің сапасын арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Осы зерттеудің мақсаты - ерте жастағы балаларда (2,5жастан 6 жасқа дейін) уақытша тістерді қалпына келтірудің үш түрлі тәсілінің клиникалық тиімділігін салыстырмалы түрде бағалау. Қолданылған материалдар: NuSmile цирконий сауыттары (АҚШ) – алынып салынбайтын протездер үшін жоғары эстетикалы әрі биосәйкес материал ретінде, ең алдымен алыңғы аймақтарда; NuSmile металл сауыттары (АҚШ) – шайнайтын уақытша тістерін қалпына келтірудің сенімді әрі тәжірибеден өткен нұсқасы ретінде; Filtek (3M ESPE) композиттік материалы – тікелей реставрация әдісінде. Зерттеуде клиникалық нәтижелілік, реставрациялардың ұзақ мерзімділігі, ата-аналардың қанағаттану деңгейіне, асқынулар жиілігі (қайталама тісжегі, сынулар, тіндердің қабынуы), сондай-ақ седация жағдайындағы науқастардың мінез-құлқы бойынша айырмашылықтарды анықтауға бағытталған.

Зерттеу материалдар мен әдістері. Жұмыс 2023 - 2025 жылдары Алматы қаласындағы жеке стоматологиялық емханада жағдайында жүргізілген проспективті салыстырмалы клиникалық зерттеу болып табылады. Зерттеуге уақытша тістердің көптеген тісжегімен зақымдануы бойынша стоматологиялық көмекке жүгінген 2,5жастан 6 жасқа дейінгі 98 бала (56 ұл бала - 57,1% және 42 қыз бала - 42,9%) енгізілді. Орташа жас - $4,2 \pm 0,9$ жыл.

Емдеуді бастамас бұрын балалардың ата-аналары зерттеудің мақсаты, міндеттері, әдістері және ықтимал тәуекелдері туралы толық хабардар етілді. Балалардың зерттеуге қатысуына және дербестендірілмеген деректерді жариялауға жазбаша ақпараттандырылған келісім алынды. Зерттеу 2013 жылғы редакциядағы Хельсинки декларациясының талаптарына және Қазақстан Республикасының медициналық мекемелерінде қабылданған этикалық стандарттарға сәйкес жүргізілді. Зерттеу хаттамасы әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ стоматология кафедрасының кафедралық мәжілісінде қаралып, мақұлданды (№6 хаттама, 15.12.2025 ж.).

Науқастар тістердің бұзылу дәрежесі, орналасуы (фронтальды/шайнау аймағы), отбасының қаржылық мүмкіндіктері, ата-аналардың эстетикалық талаптары және седация жағдайында емдеуге келісімі ескеріле отырып үш топқа бөлінді. Негізгі топ ($n = 36$): көбінесе фронтальды топтағы тістерге цирконий сауыттары орнатылды. Бақылау тобы ($n = 34$): шайнау тістеріне (бірінші және екінші азу тістер) негізінен

металл сауыттар қолданылды, олар шыныиономерлі цемент көмегімен бекітілді. Салыстыру тобы ($n = 28$): Filtek Z250 материалы арқылы қабаттап енгізу және фотополимеризацияның стандартты техникасын қолданып тікелей композиттік реставрациялар жасалды (кесте 1). Егер тістің 2-ден көп қабырғасы бұзылған болса, сауыт қолдану ұсынылды. Ал 2-ден аз қабырғасы зақымданған жағдайда тікелей реставрация мүмкін болды. Әрбір жағдайда баланың жасы, гигиена деңгейі және кейінгі бақылаудың қолжетімділігі ескерілді.

Кесте 1 - Балаларды топтарға және емдеу әдістері бойынша бөлу

Топ	Балалар саны	Емдеу әдістері	Негізгі таңдау көрсеткіштері
Негізгі топ	36	Цирконий сауыттары NuSmile (АҚШ)	Айқын бұзылыс, эстетика маңызды
Бақылау тобы	34	Металл сауыттары NuSmile (АҚШ)	Азу тістер, шайнау жүктемесі жоғары
Салыстыру тобы	28	Filtek материалымен тікелей реставрация	Жартылай бұзылыс, сауыттан бас тарту

Барлық балаларға алдын ала ауыз қуысының санациясы және гигиена бойынша оқыту жүргізілді (кесте 2). Процедуралардың 65%-дан астамы седация жағдайында (азот тотығымен ингаляциялық) орындалды, бұл ыңғайлы әрі қауіпсіз ем жүргізуге мүмкіндік берді. Сауытты қоюға арналған тісті егеуде тістің анатомиялық және функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, қатты тіндердің мүмкін болатын көлемін сақтау

арқылы жүргізілді. Қолданылған цементтер: шыныиономерлі (Ketac Cem, 3M ESPE) және композиттік цементтер — сауыттың жүйесіне және орналасуына байланысты таңдалды. науқастар емнен кейін 1, 3, 6 және 12 айдан соң емханада бақылаудан өтті. Реставрациялардың сақталуы, гигиена деңгейі, жұмсақ тіндердің жағдайы және бала мен ата-аналардың шағымдары бағаланды.

Кесте 2 - Емдеу кезеңдері

Негізгі топ	Бақылау тобы	Салыстыру тобы
1. Клиникалық тексеру және рентгенография: зақымдану тереңдігін бағалау.	1. Диагностика және жоспарлау.	1. Тістің бұзылу деңгейін бағалау.
2. Седациямен немесе жергілікті жансыздандырумен (көрсеткіштер бойынша) санация жүргізу.	2. Седация/жергілікті жансыздандыру жағдайында ем жүргізу.	2. Жергілікті жансыздандыру (немесе — седация).
3. Тісті егеу: минималды инвазивті, циркулярлық егеу 1–1,5 мм тереңдікте; қызылиек жиегі бойымен кертпе	3. Егеу: окклюзиялық редукция 1,5–2 мм; тісжегі тіндерін алып тастау; жанасу беттерді	3. Қуысты егеп тазалау: тісжегіні алып тастау; минималды араласу қағида бойынша қуысты

қалыптастыру; сауыттардағы кернеулерді болдырмау үшін бұрыштарды тегістеу.	минималды егеу; өткір қырларын тегістеу.	қалыптастыру; кіреуке қырларын алмаз борымен өңдеу.
4. Қызылиекті қалыптастыру және сауыт өлшемін таңдау: тістің өлшеміне және тістемге сәйкес жеке таңдау.	4. Металл сауытты орнату: стандартты өлшемді таңдау; қажет болса — сауыт жиегін қысқышпен бейімдеу.	4. Оқшаулау: мүмкіндігінше — коффердам (тәжірибеде — көбіне мақта валиктер + аспирация); құрғақ орта міндетті.
5. Цементтеу: артық цементті толық алып тастау; тістемді бақылау.	5. Фиксация: шыныиономерлі цемент; артықтарын алу, тістемді тексеру.	5. Адгезивтік дайындық: 35% ортофосфор қышқылымен өңдеу (15 сек.); шаю және кептіру; бонд жағу (мысалы, Single Bond Universal); сәулемен полимерлену.
6. Операциядан кейінгі күтім және ауыз қуысы гигиенасы бойынша ұсынымдар	6. Күтім бойынша нұсқаулар.	6. Filtek Z250 реставрациялық материалды қолдану: қабаттап енгізу; әр қабат — 20 сек. сәулемен полимерлену; контурлау және тегістеу. Соңғы жылтырату.

Статистикалық талдау. Жиналған деректер SPSS 25.0 бағдарламалық жасақтамасы арқылы өңделді. Стоматологиялық аурулардың таралуы пайызбен есептелді. Стоматологиялық статус пен қауіп факторлары арасындағы өзара байланысты анықтау үшін χ^2 критерийі және корреляциялық талдау қолданылды. Айырмашылықтардың маңыздылығы $p < 0,05$ деңгейінде бағаланды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Клиникалық тиімділікті бағалау келесі кезеңдерде жүргізілді: 1 ай (бастапқы бақылау), 3 ай (бейімделу және бастапқы асқинулар), 6 ай (аралық тиімділікті бағалау) және емдеуден кейін 12 ай (алыс мерзімді клиникалық нәтиже). Ескерілген көрсеткіштер: қайталама тісжегі дамуының жиілігі; реставрациялардың тұтастығы (сынықтар мен бұзылулардың болуы); көршілес аймақтағы қызыл иектің қабынуы; науқастардың қайтадан жүгіну саны; ата-аналардың эстетикалық және функционалдық нәтижеге субъективті қанағаттануы.

Клиникалық нәтижелердің 1 айдағы динамикасы (кесте 3). Цирконий сауыттары жоғары бейімделуді және

қызыл иектің минималды реакциясын көрсетті. Қызыл иектің гиперемиясының елеусіз белгілері (2 жағдайда) тіс егеу кезіндегі механикалық жарақатқа немесе сауыт жиегінің қысымына байланысты болды, бірақ ешқандай араласусыз толықтай регрессияланды (сур.1). Металл сауыттар да жақсы бейімделді (сур.2: емге дейінгі фотопротокол — уақытша азу тістерде 7.4, 7.5, 8.4, 8.5 терең тісжегі қуыстар, тістердің анатомиялық пішінінің бұзылуы, окклюзиялық бетінің жоғалуы; сур.3: емнен кейін 1 айдағы фотопротокол — 7.4, 7.5, 8.4, 8.5 тістерге 4 металл сауыттар қойылған, шеттерінің герметикалық жанасуы, біркелкі орналасуы, дұрыс тістесуы, биіктігі сақталған; сауыттар арасындағы жанасулар тығыз әрі физиологиялық), бірақ 3 жағдайда қызыл иектің гиперплазиясы байқалды, әсіресе шамадан тыс егегенде немесе сауытты қызыл иек жиегінен тым төмен орналастырғанда. Композитті реставрациялар кезінде — 2 жағдайда тістердің жоғары сезімталдығы және қызыл иек жиегінің қабынуы байқалды, бұл микросызаттарға, баланың ауыз қуысында толық оқшаулауды

қамтамасыз ету қиындықтарында және қышқыл протоколын қолдануға байланысты болуы мүмкін.

Кесте 3 - Клиникалық нәтижелердің 3 айдағы динамикасы

Көрсеткіш	Цирконий сауыттары	Металл сауыттары	Композит Filtek
Шағымдары	Жоқ	Жоқ	2 жағдай (жоғары сезімталдық)
Қызыл иек қабынуы	2 жағдай (жеңіл)	3 жағдай (жеңіл)	5 жағдай (орташа)
Сынықтар / тұтастығының бұзылуы	0	0	1 жағдай (реставрацияның толық емес ажырауы)
Қайталмалы тісжегі	0	0	0

Бұл кезеңде барлық сауыттар (цирконий және металл) керемет жанау мен бейімделуді көрсетті. Filtek тобының

бірнеше науқастарында сезімталдық және қызыл иектің бастапқы қабыну реакциялары байқалды.



Сурет 1 - 5.1 және 6.1 тістерге сауыттар орнатылғаннан кейін 1 айлық фотопротокол



Сурет 2 - Емдеуге дейінгі фотопротокол
(төменгі жак, окклюзиялық проекция)



Сурет 3 - Емдеуден кейін 1 айдағы фотопротокол

Клиникалық нәтижелердің 3 айдағы динамикасы (кесте 4). Осы кезеңге дейін қызыл иектің соңғы бейімделуі жүреді, адгезиядағы бастапқыда байқалмаған ақаулар анықталады және техникадағы қателіктер айқын көрінеді. Цирконий және металл сауыттарының сынуларсыз және конструкцияның тұрақтылығын көрсетті. Қызыл иектің қабынуы дерлік байқалмады, бұл бетінің тегістігі мен егеудің дұрыс пішінін көрсетеді. Filtek

тобында 3 жағдайда шайнау кезінде ыңғайсыздық байқалды, ал 1 жағдайда пломбаның шетінде қайталама тісжегінің бастауы тіркелді, бұл микросызаттарға және адгезивтік қабаттың герметикалық бұзылуына байланысты. Мұндай нәтижелер әсіресе жас балаларда тән, өйткені олардың ауыз қуысында сенімді құрғақтық пен қозғалыссыз қамтамасыз ету қиын.

Кесте 4 - Клиникалық нәтижелердің 3 айдағы динамикасы

Көрсеткіш	Цирконий сауыттары	Металл сауыттары	Композит Filtek
Шағымдары	Жоқ	Жоқ	3 жағдай (шайнау кезіндегі ыңғайсыздық)
Қызыл иек қабынуы	1 жағдай	2 жағдай	6 жағдай
Сынықтар / тұтастығының бұзылуы	0	0	3 жағдай

Көрсеткіш	Цирконий сауыттары	Металл сауыттары	Композит Filtek
Қайталмалы тісжегі	0	0	1 Жағдай

Композиттік реставрацияларда 3 айдан кейін шекті герметикалық болмауының алғашқы белгілері көріне бастайды. Сауытты топтарда тұрақты жағдай сақталады, жұмсақ тіндердің бейімделуі жақсы.

Клиникалық нәтижелердің 6 айдағы динамикасы: функционалды жүктеме мен алғашқы асқынулардың басталуы (кесте 5). Бұл кезең барлық түрдегі реставрациялар үшін маңызды саналады — шайнау жүктемесі күшейеді, балалар әртүрлі тамақ түрлерін тұтына бастайды, гигиена төмендеуі мүмкін. Цирконий сауыттары өзгеріссіз қалды. Жоғары беріктік, тегіс бет және материалдың биоинерттілігі тіс пен қызыл иекті ұзақ мерзімді қорғауды қамтамасыз етеді.

Металл сауыттарда бір жағдайда шетінде қайталама тісжегі тіркелді, бұл, әдетте, цементтеудегі қателікте немесе гигиенаның бұзылуынан туындаған. Дегенмен, сауыттардың құрылымдық зақымдануы болған жоқ. Filtek: 5 жағдайда сынулар, 5 жағдайда қайталама тісжегі, қызыл иектің қабынуы — бұл балаларда ұзақ пайдалану кезінде реставрациялардың тұрақсыздығын көрсетеді. Сондай-ақ, реставрацияның жартылай жоғалуында тістем мен окклюзияда мәселелер байқалады. Тікелей композиттік реставрациялардың 6 жасқа дейінгі балаларда қызмет ету мерзіміне елеулі шектеулері бар. Сауыттар тұрақтылық пен герметикалықты сақтайды.

Кесте 5 - Клиникалық нәтижелердің 6 айдағы динамикасы

Көрсеткіш	Цирконий сауыттары	Металл сауыттары	Композит Filtek
Шағымдары	Жоқ	Жоқ	5 жағдай (материалды қайта жүктеу, тісжегі)
Қызыл иек қабынуы	0	1 жағдай	4 жағдай
Сынықтар / тұтастығының бұзылуы	0	0	5 жағдай
Қайталмалы тісжегі	0	1 жағдай	5 жағдай

Клиникалық нәтижелердің 12 айдағы динамикасы: жеке бағалау және нәтиженің тұрақтылығы (кесте 6). Бір жылдан кейін қай әдістердің нақты ұзақ мерзімділікті және асқынуларды алдын алуды қамтамасыз ететіні анықталады. Цирконий сауыттарында қайталама тісжегі, сыну немесе қабыну жағдайлары тіркелген жоқ. Ата-аналар эстетикалық әсерді, әсіресе күлімсірегенде, жоғары бағалады. Бұл басқа зерттеулердің деректерімен расталады [9,11]. Металл сауыттарда 2 жағдайда қайталама тісжегі (5,9%) және 3 қайта қаралу тіркелді (негізінен цементтеуден туындаған).

Басқа көрсеткіштер бойынша — жоғары беріктік және ұзақ мерзімділік сақталды. Filtek — айтарлықтай нашарлау: 10 жағдайда қайталама тісжегі (35,7%), 8 сыну, 12 қайта қаралу. Кейбір балаларда реставрациялар толықтай сауыттармен ауыстырылды. Ата-аналардың қанағаттану деңгейі төмендеді. Тікелей композиттік реставрациялар ұзақ мерзімді сенімді герметикалықты қамтамасыз етпейді, әсіресе гигиена нашар жағдайда. Сауыттар (цирконий және металл) барлық бақылау кезеңінде жоғары қорғау және тұрақтылық деңгейін сақтайды.

Кесте 6. Клиникалық нәтижелердің 12 айдағы динамикасы

Көрсеткіш Шағымдары	Цирконий сауыттары 1 жағдай (реставрация бойынша емес)	Металл сауыттары 1 жағдай	Композит Filtek 6 жағдай (қайта араласу)
Қызыл иек қабынуы	0	0	3 жағдай
Сынықтар / тұтастығының бұзылуы	0	0	8 жағдай (28,6%)
Қайталмалы тісжегі	0	2 жағдай (5,9%)	10 жағдай (35,7%)
Қайта қаралу	2 жағдай (5,5%)	3 жағдай (8,8%)	12 жағдай (42,8%)

Жүргізілген клиникалық зерттеу мектепке дейінгі жастағы балаларда уақытша тістерді қалпына келтірудің әртүрлі әдістерінің тиімділігін салыстыруға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында цирконий сауыттары, NuSmile металл сауыттары және Filtek Z250 негізіндегі композиттік реставрациялар қолданылды. Алынған нәтижелер негізгі клиникалық және субъективті көрсеткіштер бойынша айқын айырмашылықтардың бар екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері цирконий сауыттарының қайталама тісжегінің алдын алуда ең жоғары тиімділікті қамтамасыз ететінін көрсетті: 12 айлық бақылау кезеңінде қайталама тісжегі жағдайлары тіркелген жоқ (0%). Металл сауыттар қолданылған топта да қайталама тісжегінің төмен деңгейі анықталды (5,9%). Ал композиттік реставрациялар тобында бақылау мерзімінің соңына қарай қайталама тісжегінің жиілігі 35,7%-ға жетті.

Алынған деректер J. Waggoner және әріптестерінің (2015) зерттеу нәтижелерімен сәйкес келеді. Аталған авторлар цирконий сауыттарының, әсіресе тісжегі белсенділігі жоғары балаларда, композиттік реставрациялармен салыстырғанда қайталама тісжегінің даму қаупін едәуір төмендететінін көрсеткен. Цирконий және металл сауыттардың жоғары тиімділігі олардың тіс сауытының бүкіл бетін толық жабуымен түсіндіріледі. Бұл конструкциялар тіс сауытының айналасын толық герметизацияны қамтамасыз етеді, ал композиттік реставрациялардың клиникалық нәтижесі көбінесе жиектік

жанасудың сапасына және ауыз қуысы гигиенасының деңгейіне тәуелді болады.

Тұтастықтың бұзылуы тек композиттік топта байқалды — 12 ай ішінде жағдайлардың 28,6%-ға дейін. Цирконий және металл сауыттар біртұтас конструкция болғандықтан, сыну немесе ажырау жағдайларынсыз тұрақтылығын сақтады. Бұл балалардың тісінің сауыттық бөлігінде айқын деструкциялар болған кезде сауыттарды қолдану практикалық ұсынысын тағы бір рет растайды. Орнатқан алғашқы апталарда кейбір жағдайларда қызыл иектің қабынуы байқалды, бірақ ол уақытша болып, қосымша араласусыз жоғалды. Қызыл иектің қабыну жиілігі ең жоғары Filtek тобында тіркелді, бұл, әдетте, тіс мойын аймағындағы микросызаттарға байланысты. О. Kupietzky [10] зерттеулері бойынша цирконий сауыттары ең төменгі гингивит индексін көрсетеді, бұл біздің зерттеуде де расталды.

Салыстыру тобында қайта қабылдаулардың жиілігі 42,8%-ды құрады, бұл түзету немесе қайта реставрациялау қажеттілігімен байланысты болды. Негізгі және бақылау топтарында аталған көрсеткіш айтарлықтай төмен болып, тиісінше 5,5% және 8,8%-ды құрады. Бұл нәтижелер алынбайтын ортопедиялық конструкциялардың клиникалық тұрақтылығы мен сенімділігінің жоғары екенін көрсетеді.

Цирконий сауыттары тобында ата-аналардың қанағаттану деңгейі 94,4% болды, бұл жоғары эстетика, түс тұрақтылығы, бетінің тегістігі және балалар үшін жақсы төзімділікпен байланысты. Металл сауыттар эстетикалық себептерге

байланысты төмен бағаланды. Композиттік топта қанағаттану деңгейі ең төмен болды, негізінен жиі асқынулар мен уақыт өте келе сыртқы көріністің қанағаттанарлықсыздығына байланысты.

Алынған нәтижелер цирконий сауыттарын балалар стоматологиясы тәжірибесіне кеңінен енгізу қажеттілігін дәлелдейді, әсіресе көптеген тісжегісі бар балаларды емдеуде, ауыз қуысы гигиенасының деңгейі төмен пациенттерде, седация немесе жалпы жансыздандыру жағдайында стоматологиялық емдеуді қажет ететін балаларда, сондай-ақ ұзақ мерзімді клиникалық әсер мен жоғары эстетикалық нәтижеге қол жеткізу қажет болған жағдайларда.

Қорытынды. Жүргізілген клиникалық зерттеу мектепке дейінгі жастағы балаларда уақытша тістерді қалпына келтірудің әртүрлі әдістерінің тиімділігінде елеулі айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Қайталама тісжегінің алдын алу, реставрациялардың тұрақтылығы, пародонт тіндерінің жағдайы және ата-аналардың қанағаттану деңгейі сияқты негізгі клиникалық көрсеткіштер бойынша ең жоғары нәтижелер цирконий сауыттары қолданылған топта анықталды. Цирконий сауыттары келесі артықшылықтарды көрсетті: қайталама тісжегінің тіркелмеуімен сипатталған 100% сақталу көрсеткіші; сауыттардың сынықтары мен механикалық зақымдануларының болмауы; бақылаудың 12 айлық кезеңінде қызыл иек қабынуы белгілерінің анықталмауы; ата-аналардың жоғары қанағаттану деңгейі

(94,4%); қайталама араласуларға қажеттіліктің ең төменгі деңгейі.

Металл сауыттар шайнау тістерін қалпына келтіру кезінде жақсы клиникалық нәтижелер көрсетті: қайталама тісжегінің төмен жиілігі (5,9%), конструкция тұтастығының толық сақталуы және ауыз қуысы гигиенасымен жақсы үйлесімділігі байқалды. Алайда олардың эстетикалық көрсеткіштері шектеулі болды. Filtek Z250 композиттік материалы негізіндегі реставрациялар ең төмен клиникалық тиімділікті көрсетті. Бұл топта асқынулар жиілігінің жоғары деңгейі анықталды: қайталама тісжегі 35,7% жағдайда, ал реставрациялардың сынықтары 28,6% жағдайда тіркелді. Сонымен қатар, 42,8% жағдайда қайта емдеуді қажет ететін жағдайлар орын алды. Әсіресе ауыз қуысы гигиенасына ынталануы төмен балаларда эстетикалық және клиникалық кемшіліктер жиі байқалды.

Осылайша, цирконий сауыттары 2,5–6 жас аралығындағы балалардың алдыңғы және шайнау топтарындағы уақытша тістерін қалпына келтіру үшін оңтайлы әдіс ретінде қарастырылуы мүмкін. Әсіресе көптеген тісжегі ошақтары бар балаларды емдеуде және седация жағдайында стоматологиялық көмек көрсету кезінде олардың клиникалық тиімділігі жоғары екендігі дәлелденді. Цирконий сауыттары ұзақ мерзімді клиникалық нәтижелерге қол жеткізуге және ата-аналардың ем нәтижесіне қанағаттану деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ / REFERENCES

- 1 World Health Organization. Global oral health status report: towards universal health coverage for oral health by 2030. Geneva: World Health Organization; 2022. 100 p. ISBN: 978-92-4-006148-4. Available from: <https://www.who.int/publications/i/item/9789240061484>
- 2 Peres M.A., Macpherson L.M.D., Weyant R.J., Daly B., Venturelli R., Mathur M.R., et al. Oral diseases: a global public health challenge. The Lancet. 2019;394(10194):249–260. [https://doi.org/10.1016/S0140-6736\(19\)31146-8](https://doi.org/10.1016/S0140-6736(19)31146-8)
- 3 American Academy of Pediatric Dentistry. Restorative dentistry: reference manual of pediatric dentistry. Chicago: AAPD; 2024. p. 381–392. Available from: <https://www.aapd.org/research/oral-health-policies--recommendations/>
- 4 Casamassimo P.S., Fields H.W., McTigue D.J., Nowak A.J. Pediatric dentistry: infancy through adolescence. 7th ed. St. Louis: Elsevier; 2023. 784 p. ISBN: 9780323698204
- 5 Coll J.A., Dhar V., Vargas K., et al. Evidence-based clinical practice in pediatric restorative dentistry. Pediatric Dentistry. 2024;46(2):120–138.
- 6 Seale NS, Randall R. The use of stainless steel crowns: systematic review. *Pediatric Dentistry*. 2015;37(2):145–160. <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/25905656/>
- 7 Donly K.J., Méndez M.J.C., Contreras C.I., Liu J.A. Prospective randomized clinical trial of primary molar crowns: 36-month results. American Journal of Dentistry. 2020;33(3):165–168. PMID: 32470244. Available from: <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/32470244/>
- 8 Holsinger D.M., Wells M.H., Scarbecz M., Donaldson M. Clinical evaluation and parental satisfaction with pediatric zirconia anterior crowns. Pediatric Dentistry. 2016;38(3):192–197. PMID: 27306252. Available from: <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/27306252/>
- 9 Waggoner WF. Restoring primary anterior teeth. *Pediatric Dentistry*. 2015;37(2):163–170. <https://www.aapd.org/globalassets/media/publications/archives/waggoner-37-02.pdf>
- 10 Kupietzky A. Clinical techniques for restoring anterior primary teeth. *Pediatric Dentistry*. 2010.
- 11 Chun J.Y., Lee J.H., Kim C.C., Lee N.Y. Clinical evaluation of zirconia crowns in primary teeth: a retrospective study. *Journal of Clinical Pediatric Dentistry*. 2020.

Авторлар туралы:

Каркимбаева Гульшахар Абдикапбаровна – медицина ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: gulshahar_07@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2682-7001>

Рысбаева Жанагул Ибраевна – медицина ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: rysbaeva_888@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5542-0684>

Жумабаева Куралай Жумабаевна – медицина ғылымдарының кандидаты, Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: kuralay_huan@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Қазмағамбетова Алмагүл Қыдырбекқызы – медицина ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: almania.66@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-2859-5128>

Ансарова Софья Шамильевна – балалар тіс дәрігері, «Kids Smile» стоматологиялық емханасының бас дәрігері, Алматы, Қазақстан.

E-mail: Sofiyaansarova841@gmail.com

Ашел Ержан Нұрланұлы – аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: erzhanashel@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5615-1042>

Қаржаубаева Маржанай Мұхитқызы – оқытушы, Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: karzhaubaeva0894@gmail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-2753-2733>

Об авторах:

Каркимбаева Гульшахар Абдикапбаровна – кандидат медицинских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

E-mail: gulshahar_07@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2682-7001>

Рысбаева Жанаргул Ибраевна – кандидат медицинских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

E-mail: rysbaeva_888@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5542-0684>

Жумабаева Куралай Жумабаевна – кандидат медицинских наук, Казахстанско-Российский медицинский университет, Алматы, Казахстан.

E-mail: kuralay_huan@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Казмагамбетова Алмагуль Кыдырбековна – кандидат медицинских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

E-mail: almania.66@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-2859-5128>

Ансарова Софья Шамильевна – врач — детский стоматолог, главный врач стоматологической клиники «Kids Smile», Алматы, Казахстан.

E-mail: Sofiyaansarova841@gmail.com

Ашел Ержан Нурланович – старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

E-mail: erzhanashel@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5615-1042>

Каржаубаева Маржанай Мухитовна – преподаватель, Казахстанско-Российский медицинский университет, Алматы, Казахстан.

E-mail: karzhaubaeva0894@gmail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-2753-2733>

About the authors:

Gulshakhar A. Karkimbayeva – Candidate of Medical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: gulshahar_07@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2682-7001>

Zhanagul I. Rysbayeva – Candidate of Medical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: rysbaeva_888@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5542-0684>

Kuralai Zh. Zhumabayeva – Candidate of Medical Sciences, Kazakh-Russian Medical University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: kuralay_huan@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Almagul K. Kazmagambetova – Candidate of Medical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: almania.66@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-2859-5128>

Sofia Sh. Ansarova – Pediatric Dentist, Chief Physician of the Kids Smile Dental Clinic, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: Sofiyaansarova841@gmail.com

Yerzhan N. Ashel – Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: erzhanashel@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5615-1042>

Marzhanay M. Karzhaubayeva – Lecturer, Kazakh-Russian Medical University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: karzhaubaeva0894@gmail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-2753-2733>

Мүдделер қақтығысы. Барлық авторлар осы мақалаға қатысты ашып көрсетуді талап ететін ықтимал мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлардың қосқан үлесі. Барлық авторлар зерттеу тұжырымдамасын әзірлеуге, материалдарды жинауға және өңдеуге, нәтижелерді талдауға, қолжазбаны дайындауға және редакциялауға үлес қосты. Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады.

Жарияланым этикасы туралы мәлімдеме. Авторлар бұл материалдың бұрын жарияланбағанын және басқа басылымдарда қарастырылып жатпағанын мәлімдейді.

Қаржыландыру. Авторлар зерттеу жүргізу, қолжазбаны жазу және/немесе мақаланы жариялау үшін қаржылық қолдау алмағанын мәлімдейді.

Received by the Editorial Office: June 13, 2026

Accepted for publication: June 21, 2026

Published online: June 30, 2026

UDC: 616.314-089.23-053.2

DOI: [10.70113/1815-9443.2026.22.30.007](https://doi.org/10.70113/1815-9443.2026.22.30.007)

ASSESSMENT OF ORAL CONDITIONS IN CHILDREN DURING FIXED ORTHODONTIC TREATMENT

**Zhumazhan M.B.¹, Sadykova G.M.¹, Omarova B.A.¹, Boshkayeva A.K.², Yelzhanova Z.N.³,
Karkimbayeva G.A.⁴**

¹ Department of Orthodontics, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan

² Department of Pharmaceutical and Toxicological Chemistry, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan

³ Department of Dentistry, Kazakh-Russian Medical University, Almaty, Kazakhstan.

⁴ Department of Dentistry, Faculty of Medicine and Healthcare, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Introduction. Despite the use of methods and means of gingivitis and caries prevention in orthodontic patients, the problems of prevention of negative changes in the organs and tissues of the mouth remain relevant. Numerous studies have shown that orthodontic treatment of dental and maxillofacial abnormalities with removable and fixed appliances disrupts oral hygiene, increases the incidence of tooth decay, and causes periodontal tissue diseases.

Objective. To study the attitude of children and adolescents aged 10 to 18 undergoing treatment with braces to oral care and to assess the quality of hygiene during orthodontic treatment.

Materials and methods. Orthodontic treatment was performed in 20 children and adolescents aged 10 to 18 years using metal ligature bracket systems. The patients were divided into two age groups to assess their motivation for oral hygiene maintenance. Before treatment, all participants received oral hygiene instruction, including the proper use of special orthodontic toothbrushes, interdental brushes, and therapeutic-preventive toothpaste. A dental plaque-disclosing solution was used to evaluate the quality of tooth brushing, and regular preventive measures as well as professional oral hygiene procedures were carried out. Oral hygiene status, periodontal tissue condition, and caries intensity were assessed monthly using the Green-Vermillion, PMA, and DMFT indices. The collected data were statistically analyzed to evaluate the effectiveness of the implemented preventive measures.

Results. After the placement of fixed orthodontic appliances, the oral hygiene status of children aged 10-12 years deteriorated due to insufficient adherence to oral hygiene recommendations. Patients in this age group demonstrated increased dental plaque accumulation and greater severity of gingival inflammation, which persisted throughout the observation period. In contrast, adolescents aged 13-18 years showed a more responsible attitude toward oral hygiene, resulting in improved oral hygiene index scores and a reduction in signs of periodontal inflammation.

Discussion. The findings indicate that the deterioration of oral hygiene during fixed orthodontic treatment is not determined only by the presence of bracket systems, but also by age-related motivation and adherence to recommended oral care. Therefore, preventive work should be differentiated by age and should include repeated instruction, plaque visualization, parental supervision in younger children, and regular professional monitoring.

Conclusion. The effectiveness of preventive measures in patients undergoing orthodontic treatment largely depends on age and the level of motivation to maintain oral hygiene. Younger patients are at a higher risk of poor oral hygiene and inflammatory changes, making active parental involvement in monitoring oral care practices essential. An age-adapted approach contributes to improved oral hygiene and reduces the risk of dental caries and periodontal inflammation during orthodontic treatment.

Keywords: orthodontics, bracket system, clinical indices of oral hygiene, oral hygiene products.

ОЦЕНКА СОСТОЯНИЯ ПОЛОСТИ РТА У ДЕТЕЙ ПРИ НЕСЪЕМНОМ
ОРТОДОНТИЧЕСКОМ ЛЕЧЕНИИ

Жумажан М.Б.¹, Садыкова Г.М.¹, Омарова Б.А.¹,
Бошкаева А.К.², Елжанова З.Н.³, Каркимбаева Г.А.⁴

¹ Кафедра ортодонтии,

Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова,
Алматы, Казахстан.

² Кафедра фармацевтической и токсикологической химии,

Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан.

³ Кафедра стоматологии, Казахстанско-Российский медицинский университет, Алматы, Казахстан.

⁴ Кафедра стоматологии, факультет медицины и здравоохранения,

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Введение. Несмотря на использование методов и средств профилактики гингивита и кариеса у ортодонтических пациентов, проблемы профилактики негативных изменений в органах и тканях рта остаются актуальными. Многочисленными исследованиями показано, что при ортодонтическом лечении зубочелюстных аномалий съёмными и несъёмными аппаратами нарушается гигиена рта, возрастает поражаемость зубов кариесом, возникают заболевания тканей пародонта.

Цель исследования. Изучить отношение детей и подростков в возрасте от 10 до 18 лет, получающих лечение брекет-системами, к уходу за полостью рта и оценить качество гигиены в процессе ортодонтического лечения.

Материалы и методы. В исследовании проведено ортодонтическое лечение 20 детей и подростков в возрасте от 10 до 18 лет с использованием металлических лигатурных брекетов. Пациенты были разделены на две возрастные группы для оценки мотивации к уходу за полостью рта. Перед началом лечения они прошли обучение правилам гигиены, включая использование специальных щеток, ершиков и лечебно-профилактической зубной пасты. Для контроля качества чистки зубов применялась жидкость-индикатор зубного налета, а также регулярно проводились профилактические мероприятия и профессиональная гигиена полости рта. Состояние гигиены, тканей пародонта и интенсивность кариеса оценивали ежемесячно с помощью индексов Green-Vermillion, РМА и КПУ. Полученные данные были обработаны статистическими методами для оценки эффективности проведенных мероприятий.

Результаты. После фиксации брекет-систем состояние гигиены полости рта у детей 10-12 лет ухудшалось из-за недостаточного соблюдения рекомендаций по уходу за зубами и брекетами. У пациентов этой группы отмечалось увеличение зубного налета и выраженности воспаления десен, сохранявшееся на протяжении всего периода наблюдения. В отличие от них подростки 13-18 лет более ответственно относились к гигиене полости рта, что привело к улучшению показателей гигиенических индексов и снижению признаков воспаления тканей пародонта.

Обсуждение. Полученные данные показывают, что ухудшение гигиены полости рта при несъёмном ортодонтическом лечении связано не только с наличием брекет-системы как дополнительного ретенционного фактора, но и с возрастной мотивацией пациентов и регулярностью выполнения рекомендаций. Поэтому профилактическая работа должна быть дифференцирована по возрасту и включать повторное обучение, визуализацию зубного налета, участие родителей у детей младшего возраста и регулярный профессиональный контроль.

Заключение. Эффективность профилактических мероприятий у пациентов, проходящих ортодонтическое лечение, во многом зависит от возраста и уровня мотивации к уходу за полостью рта. Наиболее высокий риск неудовлетворительной гигиены и воспалительных изменений наблюдается у детей младшего возраста, что требует обязательного участия родителей в контроле гигиенических навыков. Возрастно-адаптированный подход способствует улучшению гигиены полости рта, снижению риска кариеса и воспалительных заболеваний пародонта в период ортодонтического лечения.

Ключевые слова: ортодонтия, брекет-система, клинические индексы гигиены полости рта, предметы гигиены полости рта.

АЛЫНБАЙТЫН ОРТОДОНТИЯЛЫҚ ЕМДЕУ КЕЗІНДЕ
БАЛАЛАРДАҒЫ АУЫЗ ҚУЫСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

Жұмажан М.Б.¹, Садыкова Г. М.¹, Омарова Б.А.¹,
Бошкаева А.К.², Елжанова З.Н.³, Каркимбаева Г.А.⁴

¹ Ортодонтия кафедрасы,

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан.

² Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

³ Стоматология кафедрасы, Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан.

⁴ Стоматология кафедрасы, медицина және денсаулық сақтау факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Кіріспе. Ортодонтиялық пациенттерде гингивит пен тісжегінің алдын алу әдістері мен құралдарының қолданылуына қарамастан, ауыз қуысы ағзалары мен тіндеріндегі жағымсыз өзгерістердің профилактикасы мәселесі өзекті болып қала береді. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, тіс-жақ аномалияларын алынбалы және алынбайтын ортодонтиялық аппараттармен емдеу кезінде ауыз қуысы гигиенасы бұзылып, тістердің тісжегімен зақымдану жиілігі артып, пародонт тіндерінің аурулары дамиды.

Зерттеудің мақсаты. Брекет-жүйелермен ем қабылдап жүрген 10-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдердің ауыз қуысына күтім жасауға деген көзқарасын зерттеу және ортодонтиялық емдеу барысында ауыз қуысы гигиенасының сапасын бағалау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуге 10-18 жас аралығындағы 20 бала мен жасөспірім қатысып, оларға металл лигатуралы брекет-жүйелерді қолдана отырып ортодонтиялық ем жүргізілді. Пациенттер ауыз қуысы гигиенасын сақтауға деген ынтасын бағалау мақсатында екі жас тобына бөлінді. Ем басталғанға дейін барлық қатысушыларға арнайы ортодонтиялық тіс щеткаларын, тісаралық ершиктерді және емдік-профилактикалық тіс пастасын дұрыс қолдану бойынша ауыз қуысы гигиенасына оқыту жүргізілді. Тістерді тазалау сапасын бағалау үшін тіс қағын анықтайтын индикаторлық ерітінді қолданылып, тұрақты профилактикалық шаралар мен кәсіби ауыз қуысы гигиенасы жүргізілді. Ауыз қуысы гигиенасының жағдайы, пародонт тіндерінің күйі және тісжегінің қарқындылығы ай сайын Green-Vermillion, РМА және КПУ индекстері арқылы бағаланды. Алынған мәліметтер жүргізілген профилактикалық шаралардың тиімділігін анықтау мақсатында статистикалық өңдеуден өткізілді.

Нәтижелер. Брекет-жүйелер бекітілгеннен кейін 10-12 жастағы балаларда ауыз қуысы гигиенасының жағдайы тістер мен брекеттерді күту жөніндегі ұсыныстарды жеткіліксіз орындау салдарынан нашарлағаны анықталды. Осы топтағы пациенттерде тіс қағының жиналуы артып, қызыл иек қабынуының айқындылығы жоғарылаған және бұл өзгерістер бақылау кезеңі бойы сақталған. Ал 13-18 жастағы жасөспірімдер ауыз қуысы гигиенасына анағұрлым жауапкершілікпен қарап, нәтижесінде гигиеналық индекстердің көрсеткіштері жақсарып, пародонт тіндерінің қабыну белгілері азайған.

Талқылау. Алынған деректер алынбайтын ортодонтиялық емдеу кезінде ауыз қуысы гигиенасының нашарлауы тек брекет-жүйенің қосымша ретенциялық фактор болуымен ғана емес, пациенттердің жас ерекшелігіне байланысты мотивациясымен және ұсыныстарды жүйелі орындауымен де байланысты екенін көрсетеді. Сондықтан профилактикалық жұмыс жасқа бейімделіп, қайталама оқытуды, тіс қағын визуализациялауды, кіші жастағы балаларда ата-ананың бақылауын және стоматологтың тұрақты кәсіби мониторингін қамтуы тиіс.

Қорытынды. Ортодонтиялық ем қабылдап жүрген пациенттерде профилактикалық шаралардың тиімділігі жас ерекшелігіне және ауыз қуысы гигиенасын сақтауға деген ынталану деңгейіне тікелей байланысты. Кіші жастағы пациенттерде ауыз қуысы гигиенасының жеткіліксіздігі мен қабыну өзгерістерінің даму қаупі жоғары болғандықтан, ата-аналардың күнделікті бақылауы ерекше маңызды. Жас ерекшеліктеріне бейімделген тәсіл ортодонтиялық емдеу кезеңінде ауыз қуысы гигиенасының жақсаруына, тісжегінің және пародонттың қабыну ауруларының даму қаупін төмендетуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: ортодонтия, брекет-жүйе, ауыз қуысы гигиенасының клиникалық индекстері, ауыз қуысы гигиенасына арналған құралдар.

Introduction

Despite the use of methods and means of gingivitis and caries prevention in orthodontic patients, the prevention of negative changes in the organs and tissues of the oral cavity remains relevant. Numerous studies have shown that orthodontic treatment of dental and

maxillofacial abnormalities with removable and fixed appliances disrupts oral hygiene, increases the incidence of dental caries, and may cause periodontal tissue diseases [1].

However, the most significant consequences for the development of hard tissue and periodontal diseases are associated with the

presence of additional retention points for plaque accumulation in the oral cavity and difficulties in maintaining proper oral hygiene [2]. The key etiological factor in the development of inflammatory periodontal diseases is dental biofilm [3].

Oral health is an essential aspect of overall well-being and contributes significantly to general health [4]. According to the World Health Organization, good oral health includes the well-being of the oral cavity and related tissues and is characterized by the absence of bleeding gums, xerostomia, tooth loss, periodontal disease, and other oral conditions [5,22].

Changes in the human diet during the course of evolution have led to significant transformations in the dentition, the main consequences of which include shortening of the jaws and reduction of the third molars. As a result, various types of abnormalities in tooth position may occur [6]. In this regard, the use of braces, which may have both positive and negative effects, is becoming increasingly relevant.

Oral health is significantly influenced by the daily oral hygiene routine at home. If dental plaque is not removed regularly, it can lead to gingival and dental diseases [7,8]. The main objective of personal oral hygiene is to eliminate microbial accumulation in dental plaque. This is achieved through mechanical removal of non-mineralized dental deposits and chemical control of pathogenic microflora in the periodontium using a toothbrush, toothpaste, and special mouthwash solutions [9].

In the treatment of dental and maxillofacial abnormalities, fixed and removable orthodontic appliances are used for an extended period of time. The structural elements of these appliances serve as retention points for the accumulation of soft dental plaque, impede self-cleaning, make hygienic care more difficult, and contribute to disruption of the dynamic balance in hard dental tissues, the buffering properties of saliva, and metabolic processes in the oral cavity [10].

After the orthodontic appliance is fixed, the hygienic condition of the oral cavity may

deteriorate due to the retention features of orthodontic structures. Dental plaque accumulation leads to a strong bacterial effect on the organs and tissues of the oral cavity. In addition, orthodontic appliances may cause mechanical trauma during use, which can disrupt the dynamic balance of metabolic processes in hard dental tissues [11].

In this regard, there is a need to use modern means of primary prevention at the stages of appliance treatment of orthodontic patients. In addition, prevention of periodontal diseases in children with dental and maxillofacial abnormalities and deformities remains relevant for improving the quality of orthodontic care.

Objective

To study the attitude of children and adolescents aged 10 to 18 years undergoing treatment with braces to oral care and to assess the quality of hygiene during orthodontic treatment.

Materials and methods

Orthodontic treatment was performed in 20 children and adolescents aged 10 to 18 years with dental and maxillofacial abnormalities and deformities who were treated by an orthodontist using metal ligature braces. This age group was selected according to the WHO age criteria, according to which persons aged 1 to 12 years are classified as children and those aged 13 to 19 years as adolescents [12,13].

To determine patients' motivation for oral care, two groups of patients with dental and maxillofacial abnormalities were formed according to age. The first group consisted of children aged 10-12 years with various dentition abnormalities, and the second group included adolescents aged 13-18 years. Both groups were comparable by sex distribution.

Before treatment, patients underwent standard hygiene measures with individual selection of oral care products and methods, and they received motivational instruction on the specific oral hygiene requirements during the use of fixed orthodontic appliances [14].

Before fixation of the braces, patients were taught the standard method of tooth brushing and the correct use of special toothbrushes and interdental brushes. According to the study recommendations, patients used KazDent

toothpaste (Patent No. 11864, 31.10.2025, “Composition of medicinal and preventive toothpaste”), developed at the Department of Pharmaceutical and Toxicological Chemistry of S.D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University, as well as toothbrushes for the care of braces, single-tuft brushes, and interdental brushes for cleaning orthodontic appliances (Figures 1-3). These brushes have a longitudinal V-shaped groove on the entire

surface of the bristle field, corresponding in size to the braces. When using them, horizontal movements along the braces should prevail. The longer edge bristles remove plaque in the direction from the gingiva to the archwire, while the edge bristles on the opposite side of the brush head remove plaque from under the archwire. At the same time, the shorter inner bristles facilitate effective cleaning of braces and the orthodontic archwire [20,21].



Figure 1 - Use of an interdental brush for cleaning around brackets and the orthodontic archwire



Figure 2 - Use of a single-tuft orthodontic brush for cleaning bracket areas



Figure 3 - Use of a V-shaped orthodontic toothbrush for cleaning fixed orthodontic appliances

Using Lugol's plaque-disclosing solution, patients were shown the quality of tooth brushing based on stained areas of the tooth surface.

Patients were advised to use oral hygiene products daily and to replace them with new ones at least once every 3-4 months. Professional oral hygiene was performed twice a year.

Before orthodontic treatment, patients underwent dental sanitation, which included restoration of carious teeth and treatment of gingival diseases.

All patients were examined monthly. Oral hygiene was assessed using the Green-Vermillion index [15,16], periodontal tissue condition was evaluated using the PMA index, and caries intensity was determined using the DMFT index [17].

Statistical data processing was performed using non-parametric methods. The Mann-Whitney U test was used for comparisons between independent age groups, and the Wilcoxon signed-rank test was used for within-group comparisons over time. Differences were considered statistically significant at $p < 0.05$ [18,19].

Results

In the process of treating children and adolescents with malocclusion using ligature braces, deterioration of oral hygiene was observed in the group of children aged 10-12 years. Despite training and recommendations, children in this group reported irregular brushing of teeth and braces using toothbrushes and interdental brushes (Table 1). Often, they brushed their teeth only once a day. Interdental brushes were used only occasionally, most often before visits to the orthodontist.

Table 1 - Results of clinical oral indicators in patients aged 10-12 years before and after the placement of braces

Age of patients	Examination intervals	Green-Vermillion index	PMA, %
10-12 years	Before orthodontic treatment	$1.8 \pm 0.22^*$	$21.1 \pm 1.17^*$
10-12 years	First examination after 1 month	2.37 ± 0.69	60.4 ± 1.98
10-12 years	Examination after 12 months	$2.03 \pm 0.11^*$	$57.3 \pm 0.71^*$

Note: *statistically significant differences, $p < 0.05$.

